**"Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі 764 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2025 жылғы 13 тамыздағы № 265 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 тамызда № 36625 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі 764 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8785 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламасында:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 90-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"90-1) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (бұдан әрі – ҰҚБЖ) – ұйымдастырушылық құрылымды, жауапкершілік иерархиясын, міндеттерді, басшылық қағидаттары мен рәсімдерді қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін басқаруға арналған жүйелі тәсіл;";

206-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"206. Ұшақтың класы бойынша (CRI) нұсқаушыларға арналған бағдарлама қамтиды :

1) оқыту және сабақ беру әдістемесі бойынша кемінде 25 сағат;

2) техникалық білімін қайталау, сабақ жоспарын дайындау және аудиторияда немесе тренажерде оқыту дағдысын дамыту бойынша 10 оқу сағаты.";

241-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"241. Нұсқаушыларды ұшуға даярлау (CRI) ұшақ класы бойынша бір пилот басқаратын ӘК ұшқыштарды қауіпсіз және тиімді оқытуға қажетті білім, дағдылар мен ұстанымдарды игеруге бағытталған және мыналарды қамтиды: бір қозғалтқышты ұшақта 3 сағат немесе екі қозғалтқышты ұшақта 5 сағат.";

248-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"248. Ұшу даярлығының көлемі мен оны өткізу қажеттілігі АОО-мен өз бетінше анықталады.";

294 және 295-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"294. Ұшу экипаждары мүшелерінің кәсіби деңгейін қолдау жөніндегі бағдарламалардың қосымша тізбесі осы Үлгілік бағдарламаларға 21 және 115-қосымшаларға сәйкес оқу курстарына арналған Үлгілік бағдарламалар негізінде әзірленеді.

295. Ұшу экипаждары мүшелерінің кәсіби деңгейін қолдау курстарынан өту мерзімдері осы Үлгілік бағдарламаларға 21 және 115-қосымшаларда көрсетілген.";

309 және 310-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"309. Ұшақ түрі бойынша нұсқаушы сертификатын (TRI (A)) ұзарту үшін өтініш беруші сертификаттың жарамдылық мерзімінің алдындағы соңғы 12 ай ішінде мынадай 3 талаптың 2-ін орындайды:

1) оқу курсының төмендегі тараудерінің бірін жүргізеді:

ұзақтығы 3 сағаттан кем емес жаттықтыру құрылғысында дайындық сессиясын немесе кем дегенде 2 ұшуды және қонуды қамтитын ӘК-де 1 сағаттан кем емес бір жаттығу;

2) сертификатталған (танылған) АОО-да TRI ретінде нұсқаушылардың біліктілігін арттыруды алады;

3) осы Үлгілік бағдарламаның 16-тарауының 4, 5-параграфтарының талаптарына сәйкес құзыреттілігін бағалаудан өтеді.

310. Тікұшақтың (TRI (H)) немесе көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесінің ( TRI (PL)) түрі бойынша нұсқаушы сертификатын ұзарту үшін өтініш беруші TRI сертификатының қолданылу мерзімі ішінде мынадай 3 талаптың 2-ін орындайды:

1) ұшу даярлығы бағдарламасы бойынша оқу бағдарламасында қарастырылған әуе кемелерінің әрбір түрінде немесе тиісті FSTD жаттықтыру құрылғысының түрінде 50 сағат ұшу уақытының, оның 15 сағаттан кем болмайтыны TRI сертификатының қолданылу мерзімі өтетін күннің алдындағы 12 ай ішінде болуы.

TRI (PL) нұсқаушысы үшін бұл ұшу даярлығының сағаттары TRI не (TRE) түрінде емтихан қабылдаушы немесе SFI пилотаждық жаттықтыру құрылғысы жөнінде нұсқаушы не (SFE) емтихан қабылдаушы ретінде орындалады;

2) сертификатталған (танылған) АОО-ның уәкілетті ұйымында TRI ретінде нұсқаушыларды қайта даярлаудан өтеді;

3) осы Үлгілік бағдарламаның 16-тарауының 4, 5 - параграфтарының талаптарына сәйкес кәсіби деңгейін ұстау бойынша құзыреттілігін бағалаудан өтеді.";

411-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 411. АНА бойынша мамандардың кәсіби деңгейін ұстап тұру авиациялық оқу орталықтарында және (немесе) азаматтық авиация ұйымдарында аэронавигациялық

ақпаратты қамтамасыз ету процесіне байланысты практикалық және теориялық даярлықты қамтитын бағдарламаларға сәйкес кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі.";

419-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"419. Аэронавигациялық рәсімдер жобалаушылардың кәсіби деңгейін ұстап тұру үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

Ұшу рәсімдері мен картографияны жобалаушылардың кәсіби деңгейін ұстап тұру бағдарламалары аспаптар мен картография бойынша ұшу схемаларын әзірлеу процесіне байланысты практикалық және теориялық дайындықты қамтиды.";

мынадай мазмұндағы 20-1 және 20-2-тараулармен толықтырылсын:

"20-1-тарау. Ұшу экипаждары бойынша емтихан алушылардың кәсіби деңгейін қайта даярлау және ұстап тұру .

419-1. Ұшу экипаждары бойынша емтихан алушыларды кәсіптік даярлау авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындау үшін уәкілетті ұйым тағайындайтын жеке тұлғаларға қойылатын талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

419-2. Ұшу экипаждары бойынша емтихан алушыларды кәсіптік даярлау осы біліктілігі жоқ ұшу экипажы мүшелерінің куәлігін ұстаушыларды қайта даярлау және ұшу экипаждары бойынша уәкілетті ұйым тағайындаған емтихан алушылардың кәсіптік деңгейін ұстап тұру ретінде іске асырылады.

419-3. Қайта даярлау:

1) пилот-нұсқаушының қолданыстағы арнайы белгісі;

2) оқытудың алдындағы кезеңде пилот–нұсқаушы ретінде кемінде 3 жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар тұлғалар үшін жүргізіледі.

419-4. Қайта даярлау, оның ішінде бұрын осы оқудан өткен, бірақ ұшу экипаждары бойынша емтихан алушы ретінде қызметін жүзеге асырмаған не уәкілетті ұйым тағайындамаған адамдар үшін, оқу аяқталған күннен бастап 5 жыл ішінде ұшу экипаждары бойынша емтихан алушы ретінде жүргізіледі.

419-5. Қайта даярлау осы Үлгілік бағдарламаларға 113-қосымшада көрсетілген бағыттарға сәйкес іске асырылады. Бағдарламаның жалпы көлемі кемінде 28 оқу сағатын қамтамасыз етеді.

419-6. Ұшу экипаждары бойынша емтихан алушылардың кәсіби деңгейін ұстап тұру қайта даярлау бағдарламасының бағыттары бойынша кемінде 14 сағат көлемінде теориялық даярлықты қамтиды.

419-7. Ұшу экипаждары бойынша емтихан алушылардың кәсіби деңгейін ұстап тұру кезеңділігі 3 жылда кемінде 1 рет белгіленеді.

20-2-тарау. Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету бойынша емтихан алушы мен бағалаушының кәсіби деңгейін қайта даярлау және ұстап тұру.

419-8. ӘК ТҚК бойынша емтихан алушыны және (немесе) бағалаушыны кәсіптік даярлау ӘК ТҚК бойынша персоналдың біліктілік деңгейін айқындау үшін уәкілетті

ұйым тағайындайтын жеке тұлғаларға қойылатын талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

419-9. Қайта даярлау, оның ішінде бұрын осы оқудан өткен, бірақ ӘК ТҚК бойынша емтихан алушы немесе бағалаушы ретінде қызметін жүзеге асырмаған не уәкілетті ұйым ӘК ТҚК бойынша емтихан алушы немесе бағалаушы ретінде тағайындамаған адамдар үшін оқу аяқталған күннен бастап 5 жыл ішінде жүргізіледі.

419-10. Қайта даярлау осы Үлгілік бағдарламаларға 114-қосымшада көрсетілген бағыттарға сәйкес іске асырылады. Бағдарламаның жалпы көлемі кемінде 12 оқу сағатын қамтамасыз етеді.

419-11. ӘК ТҚК бойынша емтихан алушының немесе бағалаушының кәсіби деңгейін ұстап тұру қайта даярлау бағдарламасының бағыттары бойынша кемінде 6 сағат көлемінде теориялық даярлықты қамтиды.

419-12. ӘК ТҚК бойынша емтихан алушы мен бағалаушының кәсіби деңгейін ұстап тұру кезеңділігі 3 жылда кемінде 1 рет белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы 465-1-тармақпен толықтырылсын:

"465-1. Ұшу диспетчерін практикалық даярлау бағдарламасына пайдаланушы орындайтын бағыттардың бірінде әуе кемесі экипажының кабинасында таныстыру ұшуы енгізіледі. Таныстыру ұшуы кемінде 12 айда бір рет орындалады.";

557-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"557. Авиациялық білімі бар азаматтық авиация ұйымдарының басшылары үшін осы Үлгілік бағдарламалар көлемінде оқыту ұйымның ҰҚБЖ саласындағы даярлықты қоспағанда, міндетті болып табылмайды.";

611-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"611. Заңының 54-бабына сәйкес авиациялық персоналын кәсіптік даярлау мыналардан тұрады:

1) бастапқы даярлауды қамтитын мынадай міндетті модульдерден:

авиациялық танысу даярлығы;

кабиналық экипаж мүшелерінің міндеттері;

қалыпты, штаттан тыс және авариялық рәсімдер;

әуе кемесі типін, модификациясын мен пайдаланушы даярлығын ескере отырып даярлау;

қауіпті жүктер;

адамның мүмкіндіктері;

кабинада денсаулық сақтау, санитария және алғашқы көмек көрсету;

авиациялық қауіпсіздік;

адам саудасын анықтау және оған ден қою.

2) ӘК типін ескере отырып даярлаудан тұратын қайта даярлау, модификациялау ( егер қолданылатын болса) және пайдаланушының даярлығын ескере отырып қайта даярлау;

3) әуе кемесіне бару;

4) таныстыру ұшуы;

5) кәсіптік деңгейін ұстау, жыл сайын және үш жылдық кезеңділікпен қайта даярлаудан тұрады;

6) қайта аттестаттау алдындағы дайындық.";

674-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"674. Таныстыру ұшулары мыналарды қамтиды:

1) пайдаланушымен белгілеген кабиналық экипаждың, соның ішінде өзгелерін қамтитын міндеттері:

ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі міндеттер (мысалы, брифингтерге қатысу, орындау, ұшу алдындағы тексерулер, құжаттаманы қарау);

штаттан тыс және авариялық жағдайларды, тиісті рәсімдерді және авариялық құтқару жабдықтарын қарау; және қалыпты жағдайда ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету рәсімдері.

2) ұшу және қону кезіндегі кабиналық экипажы мүшелерінің жұмыс орындары ( яғни креслолардың орналасуы), таныстыру ұшуын жүргізетін тұлғалар үшін және кабиналық экипаждың тағылымдамадан өтушілер үшін;

3) экипаж мүшелерінің келіссөздер рәсімдері (ішкі телефон байланысын және жалпы байланыс жүйесін пайдалануды қоса алғанда).";

676 және 677-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"676. Тағылымдама бөлімше басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі, әрбір тағылымдамадан өтушіге тағылымдама басшысы бекітіледі (нұсқаушы), мақсаты, объектісі, басталу және аяқталу мерзімі белгіленеді.

Таныстыру ұшуларды (рейстік тағылымдама) орындау кезінде пайдаланушы таныстыру ұшуын жүргізетін бір нұсқаушыға/емтихан алушыға келетін тағылымдамадан өтушілер санына шектеу қояды.

Егер нұсқаушы/емтихан алушы қызметін атқаратын, жұмыс істейтін кабиналық экипаж мүшесі бар болса, осы нұсқаушы/емтихан алушыға бір тағылымдамадан өтуші беріледі.

Егер нұсқаушыға/емтихан алушыға таныстыру ұшуын өткізуден басқа қандай да бір міндеттерді орындау тапсырылмаса, тағылымдамадан өтушілер мен нұсқаушылардың/емтихан алушылардың арақатынасы нұсқаушыға/емтихан алушыға екі тағылымдамадан өтушіге дейін ұлғаяды. Қосымша факторларға мыналар жатады: әуе кемесінің мөлшері (мысалы, тар денелі немесе кең денелі әуе кемесі), кабиналық экипаждың құрамы және ұшу кезінде кабиналық экипаждың болжамды жұмыс жүктемесі.

Тағылымдамадан өтушілер саны кабиналық экипаждың талап етілетін ең төменгі құрамының 50%-дан аспайды. Егер кабиналық экипажының ең аз құрамына сегіз мүше кірсе, ұшу кезінде төрт тағылымдамадан өтушілер көп болмауы керек, бұл ретте

тағылымдамадан өтушілер кабиналық экипаждың жұмыс істейтін мүшелерінің ең аз санына кірмейді.

677. Рейстік тағылымдама кабиналық экипаж мүшесі білім алушының қатысымен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты ұшу алдындағы, ұшу кезіндегі, қону алдындағы және ұшудан кейінгі міндеттерін орындайды.

Ұшумен танысу деректері әрбір кабиналық экипаж мүшесінің даярлауды есепке алу карточкасына тіркеледі. Сондай-ақ, пайдаланушы танысу рейсін тоқтатуды талап етуі мүмкін жағдайларды анықтайды.

Мұндай жағдайларға:

1) кез келген штаттан тыс немесе төтенше жағдай;

2) заңсыз араласу актілерімен байланысты жағдай;

3) таныстыру ұшуын жүргізетін тұлғаның жұмыс қабілеттілігін жоғалту;

4) кабиналық экипаж тағылымдамадан өтушіге таныстыру ұшуын аяқтауға кедергі келтіретін жағдай жатады.";

695 және 696-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"695. Әрбір 36 ай сайын өткізілетін кезеңдік даярлау бағдарламасының қосымша элементтеріне мыналар кіреді:

1) қалыпты және авариялық шығу/есіктерін пайдалану бойынша оқыту есіктердің автоматты ашылуы және олардың істен шығуы, траптарды ашу және пайдалану кезінде кабиналық экипаждан талап етілетін іс-әрекеттері мен күш-жігерін, сондай-ақ қажет болған жағдайда кабиналық экипаж мүшелері үшін екі жақты шығу/есіктеріне жауаптыға қосымша даярлау жүргізуді қамтиды;

2) бортта үлгісі бар өртке қарсы, түтіннен қорғайтын жабдықтарды пайдалану бойынша оқыту мыналарды қамтиды, салонында әр кабиналық экипаж мүшесі жанудың барлық түрлерін сөндіру бойынша практикалық сабақтар, сонымен қатар оқу мақсатында галлонды өрт сөндіргіштердің орнына балама құралдарды пайдалану ұсынылады;

3) өрт немесе түтіннің нақты көзін анықтауға бағытталған өрт сөндіру бойынша оқыту.

696. Жолаушылардың ерекше санаттары үшін стандартты және авариялық рәсімдер бойынша дайындық ол бағыттың сызбасын, жолаушылардың бейінің, пайдаланылатын әуе кемелерінің үлгілерін, маусымдық қажеттіліктер мен пайдалану түрін есепке алуды негізге ала отырып, жолаушылардың ерекше санаттарын тасымалдау үшін оператор белгілеген жекелеген рәсімдерді қамтиды.

Жолаушылардың ерекше санаттарына әуе арқылы саяхаттау кезінде көмек немесе жабдық талап етілетін бала (балалар), бірге ілесіп жүрушісі жоқ кәмелетке толмаған жолаушылар, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар (мүгедектігі бар тұлғалар), Қазақстан

Республикасының аумағына кіруге тыйым салынған, Қазақстан Республикасының шегінен тыс мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілген, күзетпен ұсталатын тұлғалар жатады.";

701-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"701. Қалпына келтіру даярлығы егер кабиналық экипаж мүшесімен соңғы тиісті кезеңдік даярлау және тексеруден бастап алты ай бойы қатарынан мынадай жағдайлар болғанда жүргізіледі:

1) ұшу қызметінде үзілісі болған. Мұндай жағдайда міндеттерді орындауға қайта тағайындау алдында кабиналық экипаж мүшесі өзі тағайындалатын әрбір ӘК үлгісінен қалпына келтіру даярлығынан және тексеруден өтеді.

2) ӘК-нің белгілі бір үлгісінде ұшу қызметінен үзілісі болған. Мұндай жағдайда міндеттерді орындауға қайта тағайындауда кабиналық экипаж мүшесі сол ӘК үлгісінен қалпына келтіру даярлығынан және тексеруден немесе осы Үлгілік бағдарламаның 28-тарауының 14-параграфына сәйкес екі таныстыру ұшуынан өтеді.";

706-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"706. Кабиналық экипаждың аға мүшесінің бастапқы даярлығы мен кәсіби деңгейін ұстауды пайдаланушының өзі теориялық және практикалық даярлық нысанында, сондай-ақ авиациялық оқу орталығында жеке курс (тренинг) нысанында іске асырады. Уәкілетті ұйымда даярлау бағдарламасын келісу талап етілмейді, бірақ пайдаланушы осы Үлгілік бағдарламалардың 28-тарауына сәйкес міндетті элементтерді зерделеуді қамтамасыз етеді.";

708 және 709-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"708. Кабиналық экипаждың аға мүшесін бастапқы даярлау және кәсіби деңгейде ұстау курсы (жыл сайын) кабиналық экипаждың аға мүшелерінің жауапкершілігі мен міндеттерінің барлық түрлерін қамтиды және бастапқыда мыналарды қамтиды:

1) ұшудың ерекше жағдайларын (мысалы, метеорологиялық болжамдар, межелі пункттегі саяси толқулар, жолаушылардың ерекше санаттары және т. б.), сондай-ақ Пайдаланушының ұшу қауіпсіздігіне қатысты оқиғалар және рәсімдерге соңғы өзгерістер туралы деректерін ескере отырып, нұсқама беру (қалыпты жағдайларда, штаттан тыс және авариялық жағдайларда);

2) ақпаратпен алмасу, экипажбен және басқа да персоналмен үйлестіру және өзара іс-қимыл жасау;

3) пайдаланушының рәсімдері және азаматтық авиация саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық талаптары;

4) пайдаланушы тапсыратын әкімшілік міндеттер;

5) адам факторы және экипаж жұмысын оңтайландыру (CRM);

6) деректерді жинау жүйелері және ақпаратты ұсынуға қойылатын талаптар;

7) шаршауды бақылау;

8) көшбасшылық қасиеттер.

Кабина экипажының аға мүшесінің кәсіби деңгейін (жыл сайын) ұстау кезінде мыналарды қамтиды:

1) ақпаратпен алмасу, үйлестіру және экипажбен өзара іс-қимыл жасау;

2) адам факторы және экипаж жұмысын оңтайландыру (CRM);

3) деректерді жинау жүйелері және ақпаратты ұсынуға қойылатын талаптар;

4) шаршау қаупін бақылау;

5) көшбасшылық қасиеттер;

6) қауіпсіздік деңгейін талдау/арттыру;

7) пайдаланушының рәсімдік бюллетеньдері және нормативтік құжаттаманы жаңарту.

709. Кабиналық экипаждың аға мүшесін бастапқы даярлау және кәсіби деңгейін ұстау бағдарламасының егжей-тегжейлі мазмұны осы Үлгілік бағдарламаларға 104-қосымшада ұсынылған.";

28-тарауда:

21 және 22-параграфтар жаңа редакцияда жазылсын:

"21-параграф. Кабиналық экипаж нұсқаушыларын бастапқы даярлау және кәсіби деңгейде ұстап тұру (бортсерік-нұсқаушы).

711. Кабиналық экипаж нұсқаушыларының (бортсерік-нұсқаушы) бастапқы даярлау және кәсіби деңгейін ұстап тұру бағдарламалары осы Үлгілік бағдарламаларға 116-қосымшаға сәйкес әзірленеді.

22-параграф. Дайындық, тексеру бағдарламалары және тиісті құжаттама. ӘК типіне және модификациясына біліктілік рұқсаттарының тізімі.

712. Кабиналық экипаж мүшелерін даярлау және тексеру бағдарламаларын уәкілетті ұйым келіседі және пайдаланушының ұшуларын жүргізу жөніндегі басшылықтың "D" Training (дайындау)" бөлігіне енгізіледі.

713. Кабиналық экипаж оқу курсын сәтті аяқтағаннан және тиісті тексеруден кейін пайдаланушы:

1) кабиналық экипажды даярлау туралы есептердегі жазбаларды жаңартады;

2) кабиналық экипаж мүшесіне дайындықтан өткен ӘК үлгісінде және модификациясында ұшуларды орындауға біліктілік рұқсаттарының қолданылу мерзімдері көрсетілген тізімді ұсынады.

714. Оқу курсын және тиісті тексеруді сәтті аяқтаған кабиналық экипаж мүшелеріне ӘК үлгілері мен модификацияларына біліктілік рұқсаттарының қолданылу мерзімдері бар жаңартылған тізімді ұсынған кезде Пайдаланушы осы Үлгілік бағдарламаларға 105 -қосымшада ұсынылған форматты пайдаланады. Басқа форматты пайдалану кезінде осы Үлгілік бағдарламаларға 105-қосымшада көзделген 1, 2, 3 және 4-бағандарда көрсетілген элементтер, сондай-ақ біліктілік рұқсаттарының қолданылу мерзімдерін белгілеу үшін осы Үлгілік бағдарламаларға 105-қосымшада көзделген 1 және 2-бағандарда көрсетілген мәліметтер көрсетіледі.";

775-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"775. Іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы мамандарын бастапқы даярлауға авиациялық білімі немесе азаматтық авиация маманының кез-келген санаты (кәсіп, мамандық, мамандандыру) бойынша кәсіби даярлығы бар, сондай-ақ пайдаланушылық қызметте үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар жіберіледі."

29-тарауда:

9-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-параграф. Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі саласындағы мамандарды бастапқы даярлау, қайта даярлау және кәсіби деңгейін ұстау";

793, 794 және 795-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"793. ҰҚБЖ шеңбері бойынша мәселелерді шешуге тікелей байланысты мамандарда кәсіби қызметіне пайдаланатын мамандандырылған білімі мен дағдыларын алу мақсатында оқыту қарастырылған аталған даярлаудан өткені туралы тиісті куәліктермен (сертификаттармен) расталған тиісті арнайы даярлығы болуы керек.

794. Ұшу қауіпсіздігін басқару саласында мамандарды даярлау ҰҚБЖ шеңберінде персоналға жүктелген функционалдық міндеттер ескеріле отырып жүргізіледі.

795. Ұшу қауіпсіздігін басқару саласында мамандарды даярлау Қазақстан Республикасының сертификатталған авиациялық оқу орталықтарында немесе шетелдік авиациялық оқу орталықтарында жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 796-1, 796-2 және 796-3-тармақтарымен толықтырылсын:

"796-1. Азаматтық авиация ұйымында тиімді ҰҚБЖ әзірлеуге және қолдауға жауапты маманды даярлау бағдарламасы ҰҚБЖ-нің мынадай элементтерін қамтиды:

1) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясаты мен мақсаттары;

2) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жауапкершілік пен міндеттер иерархиясын қоса алғандағы ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудің оң мәдениетін және тәртіптік шараларды қолдану саясатын қалыптастыру;

3) ұшу қауіпсіздігі жөніндегі комитеттер мен жұмыс топтарын қалыптастыруды қоса алғандағы негізгі персоналды тағайындау;

4) апаттық жағдай болған жағдайда іс-шараларды жоспарлау және үйлестіру;

5) ҰҚБЖ бойынша құжаттама;

6) ұшу қауіпсіздігі бойынша міндетті және ерікті хабарламалар жүйесін қоса алғандағы қауіптерді (қауіпті факторларды) анықтау;

7) бақылау әдістерін қоса алғандағы ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді (тәуекел факторларын) талдау, бағалау және азайту;

8) ұшу қауіпсіздігінің жай-күйін және тәуекелдерді бақылау құралдарының тиімділігін бағалауды қоса алғандағы қауіпсіздік көрсеткіштерін мониторингілеу және өлшеу;

9) ұшу қауіпсіздігінің жай-күйіне әсер етуі мүмкін өзгерістерді анықтау және осы өзгерістер нәтижесінде туындауы мүмкін тәуекелдерді бақылау;

10) процестерді бағалау және ҰҚБЖ-ны тұрақты жетілдіру;

11) ұйымның ҰҚБЖ шеңберіндегі жеке міндеттерді ескере отырып, ұйым персоналын даярлау бағдарламасы;

12) ұшу қауіпсіздігі бойынша коммуникация және ақпарат тарату құралдары;

13) ұйымның ҰҚБЖ шеңберіндегі өзара іс-қимыл субъектілері.

796-2. Тергеп-тексеру жүргізуге қатысатын маманды даярлау бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру, соның ішінде:

әкімшілік мәселелер (авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру бөлігінде Чикаго конвенциясының 13-қосымшасын қоса алғандағы қолданылатын нормативтік-құқықтық актілер мен халықаралық келісімдер, жергілікті және мемлекеттік өкілетті органдармен өзара іс-қимыл тетігі, авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі мемлекеттік өкілетті органның құрылымы, авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі нұсқаулықтар және тиісті қағидалар, авиациялық оқиғаларды айқындау және жіктеу, жабдықтар мен құралдар, тергеу кезінде қолданылатын, көлікті ұйымдастыру, тергеушінің этикасы мен мінез-құлқы, шығындарды бақылау);

бастапқы ден қою қағидалары (хабарлау тәртібі, ұлттық өкілетті органдар мен ұйымдарды хабардар ету, жазбалар мен үлгілердің сақталуын қамтамасыз ету, оқиға орнындағы юрисдикция және қауіпсіздік, психологиялық күйзелісті қоса алғандағы тергеушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам қалдықтарын алу, аутопсия жүргізуге сұрау салу және зардап шеккендердің отбасыларына көмек көрсету);

тергеп-тексеруді жүргізу рәсімдері (тергеп-тексерудің өкілеттіктері мен жауапкершілігі, ауқымы мен шеңбері, тергеп-тексеруді басқаруды ұйымдастыру, мамандарды тарту, тергеп-тексеру тараптары, аккредиттелген өкілдер, кеңесшілер мен байқаушылар, бұқаралық ақпарат құралдарына ақпарат беру);

2) адам факторы саласындағы авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі мамандарды оқыту (адам факторын тергеп-тексерудің қажеттілігі мен мақсаттары, тергеп-тексеру жүргізу тәртібі, оқиғалар мен оқыс оқиғаларды болғызбау жөнінде есептер мен ұсынымдар жасау, адам факторының бақылау тізбелері, авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды туралы деректер базасы, ҰҚБЖ шеңберінде оқыс оқиғаларға тергеп-тексеру жүргізу).

796-3. Ұшу деректерін талдаудың бағдарламасын (бұдан әрі - ҰДТБ) әзірлеуге және қолдауға қатысатын мамандарды (бар болса) даярлау бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1) ҰҚБЖ мен ҰДТБ арасындағы өзара байланыстың сипаттамасы;

2) ҰДТБ элементтеріне жалпы шолу;

3) ӘК стандартты пайдалану режимдерінің ауқымынан шығу жағдайларын анықтау мақсатында ұшу ақпаратын жинау және талдау негіздері, үрдістерді анықтау, ұйымның ҰҚБЖ шеңберінде және авиациялық оқыс оқиғалар мен оқиғаларды тексеру кезінде ұшу деректерін пайдалану.";

797 және 798-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"797. Қазақстан Республикасының авиациялық оқу орталықтарында ұшу қауіпсіздігін басқару саласындағы мамандарды кәсіптік даярлау үшін іске асырылатын бағдарламалар (курстар) уәкілетті ұйыммен міндетті келісуді талап етеді, бұл ретте осы қызмет бағыттарына қатысты Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің және азаматтық авиация саласындағы халықаралық стандарттардың және осы Үлгілік бағдарламалардың 796-1, 796-2 және 796-3-тармақтарында ұсынылатын талаптар ескеріледі.

798. Ұшу қауіпсіздігін басқару саласындағы мамандардың ИКАО, ИАТА, Еуробақылау, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі Еуропалық агенттік және басқа да халықаралық ұйымдар жүргізетін озық тәжірибелерді зерделеу және енгізу, ұшу қауіпсіздігін басқару саласындағы құзыреттілік пен хабардарлықты қолдау мақсатында өткізілетін семинарлар мен тренингтерге қатысуы семинарға қатысушының сертификаты болған кезде қайта даярлау бағдарламасынан өту және кәсіби деңгейді ұстау ретінде ескеріледі.";

799-тармақ алып тасталсын;

800, 801 және 802-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"800. Ұшу қауіпсіздігін басқару саласындағы мамандардың кәсіби деңгейін ұстау өзінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде персоналдың құзыреттілегін қамтамасыз ету жөніндегі үздіксіз процесс болып табылады және персоналдың кәсіби деңгейін ұстап тұру жөніндегі бағдарламадан (курстардан) өтумен қамтамасыз етіледі.

801. Ұшу қауіпсіздігін басқару саласындағы мамандарды қайта даярлау персоналға жүктелген функционалдық міндеттер ҰЖҚБ шеңберінде өзгерген жағдайда жүзеге асырылады және осы Үлгілік бағдарламалардың 796-1, 796-2 және 796-3-тармақтарында қойылатын талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.

802. Ұшу қауіпсіздігін басқарумен байланысты мамандардың кәсіби деңгейін ұстау бағдарламасынан өту кезеңділігі маманның атқаратын функционалдық міндеттерін даярлау көлемінде кемінде 3 жылда бір рет жүзеге асырылады.";

803-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 32-тараумен толықтырылсын:

"32-тарау. Қауіпті жүктер саласындағы авиациялық персоналды даярлау бағдарламасы.

817. Қауіпті жүктер саласындағы авиациялық персоналды даярлау және кәсіби деңгейін ұстап тұру бағдарламалары осы Үлгілік бағдарламаларға 117-қосымшаға сәйкес әзірленеді.

818. Қауіпті жүктер саласындағы авиациялық персоналдың кәсіби деңгейін ұстап тұру екі жылда бір реттен жиі емес жүргізіледі. Егер қауіпті жүктер саласындағы авиациялық персоналдың кәсіби деңгейін ұстап тұру алдыңғы даярлықтың қолданысы аяқталғанға дейінгі соңғы үш ай ішінде жүргізілген болса, онда оның қолданылу мерзімі алдыңғы кәсіптік даярлықтың қолданылу мерзімі аяқталған сәттен бастап 24 айға ұзартылады.";

21-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

95-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

99 және 100-қосымшалар осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

102, 103 және 104-қосымшалар осы бұйрыққа 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 8 және 9-қосымшаларға сәйкес 113 және 114-қосымшалармен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес 115, 116 және 117-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Көлік министрінің міндетін атқарушы* *М. Калиакпаров*

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің міндетін
атқарушы
2025 жылғы 13 тамыздағы
№ 265 Бұйрығына 1-қосымша
Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге қатысатын авиация
персоналын кәсіби даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
21-қосымша

## Даярлау түрлері бойынша кәсіби деңгейін қолдау курстарын жүргізу мерзімі

| Атауы | Мазмұны | Жиілігі | Даярлау кезеңдері | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Теориялық | Жаттығу | Ұшу |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Авариялық-құтқару дайындығы | Әуе кемесінің авариялық-құтқару жабдықтары бойынша даярлау және авариялық эвакуациялау рәсімдеріне жаттығу | жылына 1 рет | + | + | |
| Авиациялық қауіпсіздік | Авиациялық қауіпсіздік саласына даярлау | 1 жылда 1 рет | +/сынақ | | |
| Қауіпті жүкті тасымалдау | Қауіпті жүкті тасымалдау бойынша даярлау | 2 жылда 1 рет | +/емтихан | | |
| Ұшуларды орындауда қалыпты рәсімдерін орындау және авариялық жағдайларда әрекет ету | Емтихан тапсыруды және ұшу жаттықтыру құрылғысында жаттығуды және тексеруді қоса алғанда ұшуларды орындауда және апатты жағдайлар әрекетінде қалыпты рәсімдерді орындауға дайындау | 6 айда 1 рет | +/емтихан | +/тексеру | |
| Қалыпты процедуралардың орындалуын тексеру | Әуе кемесінде қалыпты рәсімдердің орындалуын тексеру | жылына 1 рет | | | +/тексеру |
| Ерекше жағдайларда ұшуларды орындау | Емтихан тапсыруды қосқанда, ерекше жағдайларда ұшуларға дайындау | жылына 1 рет | +/емтихан | | |
| Күрделіндірілген ұшу жағдайларында | Тексеруді қосқанда апатты жағдайларға жатқызылмайтын барлық жүйелердің | 3 жылда | | +/тексеру | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және күрделі жағдайындағы әрекеттер | істен шығуы бойынша ұшу жаттығу құрылғысында жаттығу. | 1 рет | | | |
| Күрделі кеңістіктік күйінен әуе кемесін шығару бойынша дайындау | Теориялық дайындық және күрделі кеңістік күйінен, алдын ала бұзылу режимінен, құлау режимінен әуе кемесін шығару бойынша жаттықтыру | 3 жылда 1 рет | + | + | |
| Желдің қозғалу жағдайында ұшуды орындау | Емтиханды тапсыруды қоса алғанда, желдің қозғалу жағдайларында ұшуды орындауға дайындау және тексеруді қоса алғанда, ұшу жаттықтыру құрылғысында жаттығу | жылына 1 рет | +/емтихан | +/тексеру | |
| Жерге жақындағандығы туралы ескерту жүйелері істен шығу кезіндегі әрекеттер мен маневрлерді орындауға дайындау | Ұшу жаттықтыру құрылғысында жаттығуды және тексеруді, емтихан тапсыруды қосқанда жерге жақындағандығы туралы ескерту жүйелері істен шығу кезіндегі әрекеттер мен маневрлерді орындауға теориялық дайындау | жылына 1 рет | +/емтихан | +/тексеру | |
| | Тексеруді, емтихан тапсыруды және үшу жаттықтыру құрылғысында | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Соғысуларды алдын алудың борттық жүйесі САБЖ | жаттығуды қосқанда САБЖ-ның істен шығуы кезіндегі әрекеттер мен маневрді орындауға дайындау | жылына 1 рет | +/емтихан | +/тексеру | |
| LOFT | Бағыт бойынша нақты ұшу жағдайларының сценарийлері бойынша ұшу жаттықтыру құрылғысында жаттығу. | жылына 1 рет | | + | |
| CRM әуе кемесі экипажының кабинасы ресурстары мен дайындалу және басқару | Әуе кемесі экипажының кабинасының ресурстарымен жаттығу және теориялық дайындық | 3 жылда 1 рет | + | + | |
| Әуе кемесі экипажының кабиналарының ресурстарымен басқаруды бағалау | Әуе кемесінде және жаттықтыруда әуе кемесі экипажының кабиналарының ресурстарымен басқаруды бағалау | жылына 1 рет | | + | + |
| Әуе кемесі және оның жүйелері | Емтиханды тапсыруды қосқанда әуе кемесінің жүйелерінің білімі бойынша дайындық және ұшу сипаттамаларына байланысты оны анықтау шеберлігі | жылына 1 рет | +/емтихан | | |
| Оң жақтағы ұшқыш орындығымен | Әуе кемесі немесе ұшу жаттықтыру құрылғысында жаттығуды және емтихан тапсыруды сонымен бірге, | жылына | +/емтихан | | +/тексеру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ӘКК ұшуларын орындау | тексеруді қосқанда оң жақтағы ұшқыш орындығымен ӘКК ұшуларын орындауға дайындау | 1 рет | | +/тексеру | |
| ИКАО-ның II/III санаттарының шарттары бойынша қонуға беттеу және қону | Ұшу жаттықтыруында жаттығуды қосқанда және емтихан тапсыруды, тексерді қосқанда, 400 м болатын қашықтықтағы ҰҚЖ-ға көріну кезінде ұшуды және ИКАО-ның II/III санаттарының шарттары бойынша қонуға беттеуге және қонуды орындауға дайындау | жылына 1 рет | +/емтихан | +/тексеру | |

* Оң жақтаудағы ұшқыш орындығымен ӘКК ұшуларын орындау ұшу дайындығында немесе жаттықтыру кезеңдері бойынша орындалады.

Бұйрығына 2-қосымша
Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге қатысатын авиация
персоналын кәсіби даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
95-қосымша

**Азаматтық авиация ұйымдарының басшыларын кәсіби даярлау.**

| № р/с | Атауы | Қысқаша мазмұны | Ең төменгі көлемі, оқу сағаты |
|---|---|---|---|
| 1. | Халықаралық және ұлттық стандарттар | Ұлттық және халықаралық авиациялық ұйымдар және ассоциациялар, халықаралық стандарттар және ұсынылған практика, ұлттық және халықаралық әуе құқығы, еңбек туралы заң, еңбекті | 8 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | қорғау және қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау. | | |
| 2. | Персоналды басқару | Қазіргі заман менеджмент жүйесінде персоналды басқару, авиация персоналын басқару жүйесі, кадрлық саясат және персоналды басқару стратегиясы, жалдану, бейімделу және босату, оқыту және дамыту, еңбек қызметін талаптандыру және ынталандыру, әдепті басқару. | 4 | |
| 3. | Ұшулардың қауіпсіздігін басқару жүйесі | Тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттары, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі саясат пен мақсаттар, басшылықтың міндеттемелері, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудің оң мәдениетін және тәртіптік шараларды қолдану саясатын қалыптастыру, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы міндеттер мен жауапкершіліктердің иерархиясы, ұшу қауіпсіздігі мен ҰҚБЖ үшін жауапты жетекші қызметкерлерді тағайындау, ресурстарды бағалау мен жоспарлауды қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігін бақылау және сапалы бағалау, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарды белгілеуді және оларға қол жеткізуді қоса алғанда, ҰҚБЖ тиімділігін бақылау және мониторингілеу. | 6 | |
| | | Қазіргі заман компаниясы: басқарудың тиімді жүйесін құру, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4. | Жалпы және стратегиялық басқару ( бөлімдерге бөлінуі мүмкін). | жоғарғы-менеджменттің бизнес-қызметін және жұмысын ұйымдастыруға жүйелі көзқарас. Ұйымды құрылымдау, басқару қағидаттары, ақпараттар, қызметкерлері ынталандыру. Қарамағындағылардың қызметін оңтайлы ұйымдастыру құралдары. Ресурстарды пайдалану. Стратегия және тәсілдер. Іскерлік қатынастағы байланыс, келіссөздерді жүргізу.<br>Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ұйымның жұмыс орнына келу себебі және тексеру. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ұйымға жіберген ақпарат пен құжатты ұсыну туралы сұраныстары: олардың заңға сәйкестілігі, жауап бермегені үшін жауапкершілігі. Ұйымды тексеру барысындағы жылдам-іздестіру іс-шаралары, тексеру барысындағы іс-шаралар: жайды, ғимаратты, құрылысты, жергілікті учаскелерді және көлік құралдарын тексеру, құжаттарды және заттарды алып қою және зерттеу, тұлғалардан жауап алу және тексеру барысындағы басқа да жылдам-іздеу іс-шаралары. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің уәкілеттілігі: құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тексеру барысында басшылыққа алатын нормативтік актілері. | 8 | |
| | | Сапаны басқару жүйесіне қатысты саясат, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5. | Сапаны басқару жүйесі | стандарттар жиынтығы, құжаттар, аудит процестері, сәйкес келмеу туралы есептер және түзеу шаралары, нұсқаулар, сертификаттау кезеңдері. | 6 | |
| 6. | Адами факторы, адамның мүмкіндіктері мен шектеулері | Кіріспе. Адами факторына қатысты басшының рөлі, жұмыста алған білімі мен дағдысы, авиация персоналының қате жіберуіне ықпал ететін аспектілер, психологиялық факторлар, медициналық аспектілер, ұйымдастыру және әлеуметтік факторлар, байланыс, күйзеліс, адам жіберетін қате, жұмыс әдістері, қауіп факторларын және қателерді бақылау. | 8 | |

Бұйрығына 3-қосымша
Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасына
99-қосымша

## Кабиналық экипажды бастапқы даярлау бағдарламасына енгізілген міндетті пәндердің тізбесі

| № р/с | Атауы | Мазмұны |
|---|---|---|
| 1. | Нормативтер | Ұлттық және халықаралық<br>Пайдаланушы |
| 2. | Авиациялық қағидалар | Кабиналық экипажға қатысты ережелер және уәкілетті органдарының рөлі |
| | | Авиациялық терминология<br>Ұшу теориясы саласында жалпы білімі<br>Жолаушылар кабинасында жолаушыларды бөлу<br>Қызмет саласы<br>Кабиналық экипаждың қызметтік міндеттерін регламенттейтін басшылыққа алатын және басқа да құжаттарға түзетулер мен толықтыруларды уақытылы енгізу<br>Ұшу теориясы |

| | | |
|---|---|---|
| 3. | Кабиналық экипаждың жұмысына қолданылатын авиация негіздері | Әуе кемесінің негізгі элементтері<br>Метеорология және ӘК үстіндегі қабаттардың (қар, мұз) салдары<br>ӘК үрлеу жүйесі<br>Салмағы және теңгерімі (центрлік )<br>ӘК массасы мен центрлігіне сәйкес жолаушыларды дұрыс орналастырудың мағынасы<br>Турбуленттік<br>Әуе кемесінің байланыс жүйелері<br>Әуе қозғалысын басқару |
| 4. | Биіктік физиологиясы | Адам ағзасына ұшуда кабиналық экипаждың міндеттерін атқару барысында шаршағандықтың, соның ішінде жұмыс пен ұшу уақытын шектеу факторларының және демалуға қойылатын талаптарының әсері<br>Қырағылық, шаршаудың физиологиялық әсері, ұйқы физиологиясы, циркадиялық ырғақ және сағаттық белдеудің өзгерістері<br>Биіктіктің әсері<br>Гипоксия<br>ӘК оттегілік жүйелері және оларды пайдалану<br>Газды кеңейту<br>Ашылып кетуі<br>Декомпрессиялық ауру |
| | | SOP философиясы, құрылымы және қолдану<br>Кабиналық экипаждың қызметтік міндеттерін пайдаланушының ұшуларды орындау бойынша басшылығына сәйкес орындауы<br>Үйлестіру және экипажбен байланыс<br>Кабиналық және ұшу экипажының аралығында өзара тиімді әрекеттестігі<br>Қарым-қатынастық әдістер<br>Жалпы араласу тілі және терминология<br>Нұсқама, ұшу алдындағы / ұшудан кейінгі міндеттер<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз етуде авариялық кестесі мен кабиналық экипаж мүшелерінің әрекеттерін |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | Стандартты жұмыс рәсімдері ( SOP) | анықтау үшін кабиналық экипаждың ұшу алдындағы даярлығын жүргізу<br>Олардың функционалдық міндеттерін орындау кезінде қатысы бар ұшу қауіпсіздігі бойынша қажетті ақпаратты беру<br>Пилоттардың кабинасына рұқсат және пилоттық кабинаның зарарсыздығы<br>Жолаушыларды қабылдау және орналастыру<br>Жолаушылардың арнайы санаты және эвакуация кезінде кабиналық экипажға көмек көрсету үшін физикалық қабілетті жолаушыларды авариялық шығу жанында орналастырудың қажеттілігі<br>Қол жүгін орналастыру<br>Кабинадағы жолаушылар үшін тәуекелсіз және құтқаратын жабдықтар мен авариялық шығулар немесе олардың зақымдануын пайдалануда қиыншылық жағдайларды шығару мақсатында жүкті және сервистік жабдықты қауіпсіз орналастыру ережелері<br>Ұшуда электрондық аппаратураны пайдалану<br>ӘК бортында жануарларды тасымалдау ережелері<br>Кабиналық экипаждың ұшу кезіндегі функционалдық міндеттері, авариялық жағдайларда жедел іс-қимыл жасау<br>Турбуленттілік / кабиналық экипаждың турбуленттілігі, соның ішінде жолаушылар салонында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайда қабылданатын іс-қимылдар<br>Жолаушылары бар бортта жанармай құю<br>Экипаж мүшесінің әрекетке қабілетсіздігі |
| 6. | ӘК үлгісін ескерумен даярлау | Осы бағдарламалардың 101-қосымшасына (ӘК үлгісін есепке ала отырып кабиналық экипажды даярлау бағдарламасына кіретін міндетті пәндердің тізбесі) және |

| | | |
|---|---|---|
| | ӘК модификациясын ескерумен даярлау<br>Пайдаланушыны даярлау | 102-қосымшасына (Кабиналық экипажды пайдаланушыны даярлау бағдарламасына кіретін міндетті пәндердің тізбесі) сәйкес |
| 7. | Авиациялық қауіпсіздік | Терроризм. Қауіптің сипаттамасын және дәрежесін талдау<br>Пилоттар кабинасының қауіпсіздігі.<br>Өзара іс-әрекет және экипаждағы байланыс<br>ӘК тексеру рәсімдері<br>Жарылғыш қондырғылар<br>Бүлдіргіш жолаушылар<br>Алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде немесе агрессияшыл ниеттенген жолаушыларды танып білу және басқару<br>ӘК басып алу, айдап кету |
| 8. | Қауіпті жүктерді тасымалдау | Жалпы принциптері<br>Тасымалдау үшін тыйым салынған жүктер<br>Белгілеу және таңбалау<br>Жарияланбаған қауіпті жүктерді тану<br>Жолаушылар мен экипажға қатысты ережелер<br>Авариялық рәсімдер |
| 9. | Биіктік ашылуы | Экипажға және жолаушыларға әсер ету<br>Бітеме ашылған жағдайдағы іс-қимылдар |
| | | Тәуліктік ырғақ және десинхроноз<br>Жеке гигиена, екпелер<br>Борттағы гигиена<br>Жұқпалы аурулар<br>Жұқпалы аурулармен қарым-қатынас тәуекелі және ұқсас тәуекелдерге жол бермеу ( қарсы) құралдары<br>ӘК дезинфекциясы және дезинсекциясы<br>Клиникалық қалдықтарды өңдеу<br>Борттағы өлім<br>Авиациялық медицина және аман қалу мәселелері бойынша жалпы даярлық<br>Ұшудың физиологиялық әсері, соның ішінде: гипоксия, оттегінің |

| | | |
|---|---|---|
| 10. | Гигиена, авиациялық медицина және алғашқы жәрдемді көрсету | қажеттілігі, евстахий түтігінің қызметі, сондай-ақ атмосфералық жарақат<br>Мына көрсетімдер бойынша алғашқы медициналық көмек:<br>Ауалық ауру;<br>Ішек-қарын жолының бұзылуы;<br>гипервентиляция;<br>күю;<br>жара;<br>естен тану;<br>сынықтар және жұмсақ ет тіннің бұзылуы<br>Ұшуда жедел медициналық көмек және алғашқы көмекті мына жағдайларда көрсету:<br>астма;<br>күйзеліс және и аллергиялық серпіліс;<br>шок;<br>диабет;<br>тұншығу;<br>эпилепсия;<br>инсульт; және жүрек ауруы<br>Алғашқы медициналық көмек көрсету үшін тиісті жабдықтарды, оттегіні қоса алғанда пайдалану<br>Жан сақтау іс-қимылдарын қоса алғанда, борттағы алғашқы дәрігерге дейінгі жәрдем:<br>Кабиналық экипаждың әрбір мүшесін арнайы манекенді пайдалану арқылы және ӘК конфигурациясының ерекшеліктерін ескере отырып жүрек-өкпе реанимациясын ( жүрек пен өкпені жанама уқалау, қолдан дем алу) тәжірибелік үйрету<br>Жарақат<br>ӘК бортында босану<br>Толтыруға арналған құжаттама<br>Борттық дәрі қобдишалары ( құрамы және қолдану): алғашқы жәрдем дәрі қобдишасы және авариялық медициналық қор |
| | | Авариялық жағдайларда кабиналық экипаждың іс-қимылдары<br>ӘК бортындағы өрттер |

| | | |
|---|---|---|
| 11. | Штаттан тыс және авариялық жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі | Түтін мен өртті жою, сондай-ақ өрттің нақты ошағын анықтау үшін іс-әрекеттер<br>Ықтимал өрт қаупі бар аймақтарды, соның ішінде әжетханалар мен түтін сенсорды тұрақты тексеру<br>Тұтану сипаттамасын сыныптау, тұтанудың әр бір түрі үшін жарамды, қолайлы өшіру түрі мен рәсімдерін қолдану<br>Өшіру заттарын пайдалану әдістері, өрт сөндіру құралдарын дұрыс пайдаланбаудың салдары мен оларды жабық кеңістікте пайдалану, соның ішінде өрт жағдайларда іс-әрекеттерді, авиацияда қолданылатын түтіннен қорғау жабдықтарды кию және пайдалануды тәжірибелік үйрету<br>Әуеайлақтардағы жердегі авариялық қызметтердің жалпы рәсімдері<br>Түтіндеу жағдайлардағы іс-әрекеттер<br>Өрт немесе түтінуді тапқан кезде ұшу экипажына шапшаң ақпарат беру, сондай-ақ үйлестіру және жәрдемдесу үшін қажетті іс-әрекеттер<br>Құрлыққа/суға авариялық қондыруға даярлық<br>Авариялық жағдайларда көшіру және басқа әрекеттер туралы шешім қабылдау қажет болған жағдайда кабиналық экипаж мүшелерінің жауапкершілігі мен бастамасы<br>Құрлыққа/суға дайындалған эвакуациялау<br>Авариялық эвакуациялауды жеделдету үшін қажетті жолаушыларды сендіру және көпшілікті басқару<br>Құрлыққа/суға дайындалмаған эвакуациялау<br>Шұғыл медициналық жағдайлар<br>Аман қалу<br>Дұшпандық ортада аман қалу принциптері (мысалы, поляр ендіктер, шөл, джунгли, теңіз)<br>Суда құтқару күртешесін киюді және пайдалануды, құтқару салды |

| | | |
|---|---|---|
| | | немесе ұқсайтын жабдықты пайдалануды, сондай-ақ сол жабдықты тәжірибелік пайдалануды қамтитын суда аман қалу үшін даярлық |
| 12. | Кіріспе курс<br>Авиациядағы адами факторлары және<br>Экипаж жұмысын оңтайландыру (CRM) | Авиациядағы адами факторға қатысты жалпы ақпарат;<br>CRM принциптері мен мақсаттарына, адам өнімділігі мен шектеулеріне қатысты жалпы нұсқаулар;<br>Тәуекелдерді басқару және қателерді бақылау.<br>Кабиналық экипаждың жеке мүшесіне қатысты:<br>Дербес өзгешеліктерді, адам қауіп-қатерлері мен тұрақтылық, көзқарасы мен қылықтарын, бағалауды түсіну және өзін-өзі сынау;<br>Күйзеліс және күйзелісті басқару;<br>Шаршағандық және қырағылық;<br>Сенімділік, жағдайға ие болу, ақпарат қабылдау және өңдеу. |
| 13. | Адам саудасын анықтау және оған жауап беру | Адам саудасы туралы жалпы ақпарат;<br>Адам саудасының элементтері ( кабиналық экипаж мүшелерінің функциялары мен міндеттеріне әсер ететін адам саудасына қатысты заңнаманы немесе ұлттық қағидаларды қоса алғанда);<br>Адам саудасының себептері, оның ішінде құрбандар мен саудагерлердің сипаттамасы;<br>Адам саудасының оларды заңсыз әкелуден айырмашылығы;<br>Адам саудасының түрлері;<br>Адам саудасының жалпы белгілері ;<br>Кабиналық экипаж мүшелері ұшу кезінде назар аударуы тиіс ерекше белгілер;<br>Пайдаланушының саясаты;<br>Адам саудасын анықтауға және оған ден қоюға байланысты рәсімдер;<br>Кабинадағы жағдайды басқару ( мысалы, басқа жолаушылардың алаңдаушылығына жауап беру;<br>"Зиян келтірме" тұжырымдамасы; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Кабиналық және ұшу экипаждары арасында байланысты қолдау және олардың іс-қимылдарын үйлестіру;<br>Есеп беру (оның ішінде үндемегеннен гөрі күдік туралы хабарлау жақсы). |

Бұйрығына 4-қосымша
Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге қатысатын авиация
персоналын кәсіби даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
100-қосымша

## Экипаж жұмысын оңтайландыру курсы бойынша кабиналық экипажды(CRM) даярлау

| Экипаж жұмысын оңтайландыру (CRM)бойынша міндетті элементтер | CRM бойынша пайдаланушыны даярлау курсы | ӘК үлгісін есепке ала отырып даярлау курсы | Жыл сайынғы кезеңдік даярлау | Кабиналық экипаждың (SCC) аға мүшесін даярлау курсы |
|---|---|---|---|---|
| Жалпы принциптер | | | | |
| Авиациядағы адами факторы<br>CRM негізгі принциптері мен мақсаттары<br>Адамның жұмысқа қабілеттілігі және мүмкіндігінің жоғары шегі<br>Тәуекелдерді басқару және қателерді бақылау. | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талап етіледі | Талап етіледі |
| Кабиналық экипаждың жеке мүшесіне қатысты | | | | |
| Жеке психологиялық шамасы, адам жіберетін қателер және сенімділік, қарым-қатынас пен әрекет, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі сынау.<br>Күйзеліс және күйзелісті басқару.<br>Шаршау және қырағылық.<br>Өзіне деген сенімділік, жағдайды қадағалау | Талап етіледі | Талап етіледі | Талап етіледі (3 жылдық цикл) | Талап етіледі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| , ақпаратты қабылдау және өңдеу | | | | |
| Жалпы бүкіл ӘК экипажына | | | | |
| Ұжымдық жағдайды бірігіп қадағалау, ақпаратты ұжымдық жинау және өңдеу. Жұмыс жүктемесін бөлу. Ұшу экипажын да, тағылымдамадан өтушілердің бортсеріктерін де қоса алғанда, барлық экипаж мүшелері арасында өзара тиімді іс-қимыл жасау және іс-қимылды үйлестіру, мәдениет айырмашылығы. Жетекшілік қадір-қасиет, ынтымақтастық, бірлескен іс-қимыл, шешім қабылдау, өкілеттікті беру және табыстау, шешім қабылдау, іс-әрекет; Тұрақтылықты дамыту; Таңдану мен қорқыныштың әсері ; Мәдениеттегі айырмашылықтар; Жеке және топтық жауапкершілік, шешім қабылдау және іс-қимыл. Көпшілікті басқару, жолаушылардың күйзелісін басқару, дауларды шешуді қосқанда жолаушылардан тұратын адами факторын анықтау | Тереңдетіп оқу | ӘК үлгісіне ( үлгілеріне) сәйкес талап етіледі | Талап етіледі (3 жылдық цикл) | Тереңдетіп оқу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| және басқару, медициналық фактор. | | | | |
| ӘК үлгілерімен байланысты ерекшеліктер (тар/кең, фюзеляжды, бір/көп палубалы), ұшу және кабиналық экипаждың құрамы және жолаушылардың саны | Талап етіледі | Тереңдетіп оқу | Талап етіледі (3 жылдық цикл) | Тереңдетіп оқу |
| Пайдаланушыға және ұйымға қатысты | | | | |
| Пайдаланушының қауіпсіздік мәдениеті және компания мәдениеті, стандартты жұмыс процедуралары (SOPs), ұйымдастыру факторлары, пайдаланушының қызмет түрімен байланысты факторлар;<br>Компанияның және жердегі қызметтердің персоналымен тиімді қарым-қатынас және үйлестіру;<br>Борттағы қауіпсіздікке байланысты оқиғалар мен жанжалдар туралы ақпарат беруге қатысу | Тереңдетіп оқу | Талап етіледі<br>ӘК үлгісіне (үлгілеріне) сәйкес | Талап етіледі (3 жылдық цикл | Тереңдетіп оқу |
| Оқиғаларды зерделеу және әдістемелік талдау (Тақырыптық зерттеу) | Тереңдетіп оқу | Талап етіледі<br>ӘК үлгісіне (үлгілеріне) сәйкес | Тереңдетіп оқу | Тереңдетіп оқу |

Бұйрығына 5-қосымша
Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге қатысатын авиация
персоналын кәсіби даярлаудың

үлгілік бағдарламасына
102-қосымша

# Кабиналық экипажды пайдаланушыны даярлау бағдарламасына кіретін міндетті пәндердің тізбесі

| № р/с | Атауы | Мазмұны |
|---|---|---|
| 1 | Кабина конфигурациясының сипаттамасы | "Станция" кабиналық экипажының негізгі және қосымша орындары-орналасқан жері (көрінуді қоса алғанда), қозғалысты шектеу жүйесі (байлау белдіктері), басқару панельдері. Жолаушылар креслолары-жалпы ұсыну, пайдаланушының ӘК-нің ілеспе спецификациялық сипаттамалары және жабдықтары.<br>Багаж және басқа заттарды орналастырудың белгіленген аймақтары.<br>Дәретхана бөлмелері-осы пайдаланушыға тән ӘК-нің осы түріне қосымша орнатылған спецификациялық сипаттамалар, жабдықтар мен жүйелер.<br>Буфеттік-асүй жабдықтары-орналасқан жері, борттық асүй аспаптары, сумен жабдықтау және ағызу жүйелері, соның ішінде суды өшіру тетіктері , шұңғылшалар, дренаждар, заттарды орналастыру аймақтары, басқару панельдері, дабылдар мен ескерту белгілері.<br>Экипаждың демалыс аймақтары ( егер ӘК жабдықталған болса) - орналасқан жері, жүйелері, басқару құралдары, авариялық-құтқару жабдықтары. Кабинаның бөлгіш бөлімдері, бөлгіш перделер.<br>Лифттің орналасқан жері, қолданылуы, басқару элементтері.<br>Шығарындыларды/қалдықтарды орналастыру аймағы ( қалдықтарды орналастыру және орналастыру).<br>Тұтқалардың/қоршаулардың жолаушылар жүйесі (егер ӘК жабдықталған болса) немесе балама құралдар.<br>Ұшу кезінде жолаушыларға арналған ойын-сауық жүйесі (IFE) |

| | | |
|---|---|---|
| | | , егер ол орнатылған болса ( мысалы, жолаушыларға арналған планшеттер сияқты жүйе немесе портативті құрылғылар) және оның қауіпсіздік аспектілері. |
| 2 | Авариялық-құтқару жабдығы. | Ересек жолаушылар мен балаларға арналған құтқару күртешелері және құтқару қалқымалы құралдары.<br>Алғашқы медициналық көмек, қосымша оттегі беру жүйелерін қоса алғанда, кабинадағы оттегі беру жүйесі.<br>Өрт сөндіргіштер.<br>Түтіннен қорғайтын оттегі сорғыш (PBE).<br>Балта.<br>Апаттық жарықтандыру, соның ішінде апаттық портативті шамдар .<br>Байланыс құралдары, соның ішінде мегафондар.<br>Авариялық траптар, құтқару салдары және оларға қоса берілетін авариялық-құтқару жинақтары және оларды ұстау.<br>Пиротехника (нақты немесе оқу құрылғылары).<br>Алғашқы медициналық көмек қобдишалары, медициналық көмек жинақтары және олардың мазмұны.<br>Басқа тасымалданатын авариялық-құтқару жабдығы (егер көзделсе). |
| 3 | Стандартты және апаттық рәсімдер. | Жолаушыларға нұсқама беру, қауіпсіздік нұсқауларын көрсету және кабинаны үнемі тексеру.<br>Күшті ауа турбуленттілігі.<br>Кабиналық экипажының әрбір мүшесінің жеке тасымалданатын оттегі жабдығын пайдалануын қоса алғанда, қысымның төмендеуі, баяу және кенеттен декомпрессия.<br>Ұшу кезіндегі басқа да төтенше жағдайлар.<br>Жолаушылардың жекелеген санаттарын тасымалдау. |
| | | Ұшу және кабина экипажы арасындағы байланыс әдістері және барлық байланыс |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Көпшілікті басқару (Crowd Control ). | құралдарын пайдалану, соның ішінде түтінге толы ортада үйлестіру қиындықтары.<br>Ауызша командалар.<br>Жолаушыларды баспалдақпен жылдам эвакуациялауға көмектесу үшін қажет физикалық күш.<br>Жолаушыларды жарамсыз есіктерден/шығулардан қайта бағыттау.<br>Жолаушыларды эвакуациядан кейін ӘК-ден қауіпсіз қашықтыққа шығару.<br>Мүмкіндігі шектеулі жолаушыларды ескере отырып, жекелеген санаттағы жолаушыларды эвакуациялау.<br>Өкілеттіктер мен көшбасшылық. |
| 5 | Өрт сөндіру және түтінді кеңістіктегі әрекеттер бойынша дайындық. | ӘК кабинасындағы нақты өртті сөндіру.<br>Өрт пен түтіннің нақты көзін анықтау үшін түтінге толы ортада "PBE" түтіннен қорғайтын сорғышты кию және пайдалану |
| 6 | Эвакуация рәсімдері. | Пайдаланушының рәсімдері:<br>1) дайындалған эвакуация кезінде (құрлықта/суда);<br>2) дайындалмаған эвакуация кезінде (құрлықта/суда). |
| 7 | Ұшқыштардың қабілеттілігін жоғалту рәсімдері. | Ұшқыштардың қабілеттілігін жоғалту рәсімдері. |
| 8 | Экипаж жұмысын оңтайландыру ( CRM). | CRM бойынша пайдаланушыны даярлау курсы. |

Бұйрығына 6-қосымша
Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге қатысатын авиация
персоналын кәсіби даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
103-қосымша

## Кабиналық экипаждың кәсіби деңгейін ұстау бағдарламасына кіретін міндетті пәндердің тізбесі

| № р/с | Әр 12 ай сайын кабиналық экипаждың кәсіби деңгейін ұстау бойынша міндетті пәндер тізбесі | Мазмұны |
|---|---|---|
| 1. | Нақты қолданбай, ӘК әрбір пайдаланылатын үлгісі мен түрінің негізгі және авариялық шығуларды пайдалануды көрсету | |
| 2. | Бортта орнатылған немесе тасымалданатын барлық авариялық-құтқару жабдығын орналастыру және пайдалану | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 3. | Құтқару күртешесін, тасымалданатын оттегі баллонын және түтіннен қорғайтын құрылғыны (PBE) пайдалану | |
| 4. | Стандартты жұмыс рәсімдері ( SOP): | Жолаушылар салонында заттардың орналасуы<br>ӘК үстінде қабат болған жағдайда қолданылатын рәсімдер |
| 5. | Авариялық рәсімдер: | Түтін шыққан жағдайдағы іс-қимылдар;<br>ӘК бортындағы өртті сөндіру;<br>Биікте саңылаусыздану;<br>Ұшқыштардың есінен айырылу кезіндегі рәсімдер;<br>Жолаушылардың басқару әдістері. |
| 6. | Стандартты және авариялық жағдайларда жолаушылардың ерекше санаттарын тасымалдау | |
| 7. | Ұшу орындалатын әрбір ӘК үлгісі үшін авариялық кесте | |
| 8. | Ұшу орындалатын әрбір үлгі үшін ӘК нұсқаларының ерекшеліктері ( бар болса) | |
| 9. | Эвакуациялау рәсімдері: | Құрлыққа авариялық қондыруға даярлау;<br>Құрлықта дайындалып эвакуациялау;<br>Құрлықта дайындалмай эвакуациялау |
| 10. | Қақтығыстар мен оқиғаларға шолу жасау | |
| 11. | Осы Үлгілік бағдарламалардың 100-қосымшасында көзделген экипаж жұмысын оңтайландыру (CRM) | |
| 12. | Авиациялық медицина аспектілері және тиісті жабдықты қолдана отырып, алғашқы көмек көрсету | |
| 13. | Авиациялық қауіпсіздік рәсімдері | |
| 14. | Қауіпті жүктерді тасымалдау (әрбір 24 сағат сайын даярлау) | |
| 15. | Адам саудасын анықтау және оған жауап беру | Кабиналық экипаж мүшелерінің функциялары мен міндеттеріне әсер ететін адам саудасына қатысты заңнамадағы немесе ұлттық ережелердегі кез келген өзгерістер;<br>Адам саудасына қатысты Пайдаланушының саясаты мен рәсімдеріндегі кез келген өзгерістер;<br>Нақты мысалдар (мысалы, белгілі осы пайдаланушы немесе басқа пайдаланушылар тап болуы мүмкін адам саудасының жағдайлары);<br>Адам саудасына қарсы күрес мекемелерінің деректеріне және веб-сайттар немесе басылымдар сияқты пайдалы ақпарат көздеріне |

| | | |
|---|---|---|
| | | сілтемелер, олармен кабиналық экипаж мүшелері өз қалауы бойынша таныса алады. |
| | Әр 36 ай сайын кабиналық экипажының кәсіби деңгейін ұстау бойынша қосымша міндетті пәндер | |
| 16. | Кабиналық экипаждың әрбір мүшесінің оқу-жаттығу құрылғысында немесе қолданыстағы ӘК штаттық және авариялық режимде ӘК әрбір үлгісі немесе түрінің негізгі және авариялық шығыстарын пайдалануы және нақты ашуы | |
| 17. | Кабиналық экипаждың әрбір мүшесінің оқу-жаттығу құрылғысында немесе қолданыстағы ӘК штаттық және авариялық режимде ұшу экипажы кабинасының құрышпен қапталған есіктерін, ұшқыш орындығын реттеу тетігі, сондай-ақ ұшқыш есінен айырылған жағдайда қауіпсіздік белдігін және оттегі жабдығын пайдалануы | |
| 18. | Авариялық жағдайда шыққан кезде ұшқыш кабинасындағы желкөзді қоса, барлық басқа шығыстарды пайдалануды көрсету | |
| 19. | Ұшу экипажының бақылау-тексеру парақтарын пайдалануды тәжірибелік көрсету (2 ұшқыштан тұратын ұшу экипажы үшін) | |
| 20. | Түтін пердесін құратын жабық ортада түтіннен қорғайтын құрылғыны (PBE) қолдана отырып, тұтану түрлерін/типтерін сөндіру. | |
| 21. | Борттағы барлық өртке қарсы жабдықты пайдалануға шынайы және практикалық пайдалануды үйрету | |
| 22. | Эвакуациялау рәсімдері: | Құрлықта/суда авариялық қондыруға даярлау<br>Құрлықта/суда дайындалып эвакуациялау;<br>Құрлықта/суда дайындалмай эвакуациялау |
| 23. | Ыңғайына қарай, құтқару қайығын немесе үрлемелі басқышты пайдалануды көрсету | |
| 24. | Пиротехниканы (көрнекі құрылғыларды) қолдану | |

Бұйрығына 7-қосымша
Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге қатысатын авиация
персоналын кәсіби даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
104-қосымша

# Кабиналық экипаждың аға мүшесін бастапқы даярлау және кәсіби деңгейін ұстау бағдарламасына кіретін міндетті пәндердің тізбесі

| № р/с | Атауы | Мазмұны |
|---|---|---|
| Кабиналық экипаждың аға мүшесін бастапқы даярлаудың міндетті пәндерінің тізбесі | | |
| | Ұшудың нақты жағдайларын ( мысалы, метеорологиялық | 1) Кабиналық экипаждың жекелеген мүшелері арасында міндеттерді бөлу (мысалы, жолаушыларды хабардар ету, кабиналық экипаж мүшелерінің |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | болжамдар, межелі пункттегі саяси толқулар, жолаушылардың ерекше санаттары және т. б.), сондай-ақ Пайдаланушының ұшу қауіпсіздігіне қатысты оқиғалар және рәсімдерге соңғы өзгерістер туралы деректерін ескере отырып, нұсқама (қалыпты жағдайларда, штаттан тыс және авариялық жағдайларда); | жұмыс орындары және жолаушылардың ерекше санаттары);<br>2) ұшу қауіпсіздігін, авариялық жағдайларды, қорғау мен байланысты қамтамасыз етуге қатысты рәсімдер мен мәліметтерді талдау;<br>3) әуе кемесінің типі бойынша арнайы брифинг;<br>4) бағыт туралы нақты ақпарат;<br>5) метеорологиялық ақпарат;<br>6) кабинадағы ақаулар. |
| 2. | Ақпарат алмасу, экипажбен және басқа қызметкерлермен үйлестіру және өзара әрекеттесу; | 1) кабиналық экипаждың аға мүшесінің рөлі мен міндеттері туралы жалпы түсінік және әуе кемесінің бортындағы бағыныстылық\бағыныстылық тәртібі;<br>2) экипажбен үйлестірудің, өзара әрекеттесудің және ақпарат алмасудың маңыздылығы;<br>3) Көпмәдениетті және көпұлтты экипаждардың ерекшеліктерін түсіну;<br>4) кабиналық экипаж мүшесі мен ұшу экипажы мүшесінің жұмыс қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда экипаж мүшелерінің функциялары мен міндеттерін өзгерту. |
| 3. | Пайдаланушының рәсімдері және ҚР нормативтік талаптары | 1) ең аз жабдықтардың тізбесі;<br>2) егер қолданылса, пайдаланушының ұшу және жұмыс уақытының және/немесе FRMS нормативтік шектеулері;<br>3) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде пайдаланушының SOP-мен байланысты міндеттер. |
| 4. | Пайдаланушы тапсыратын әкімшілік міндеттер; | 1) кабиналық экипаждың аға мүшесінің пайдаланушы рәсімдеріне сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты әкімшілік міндеттері;<br>2) бақылау тізбелерін, инциденттер туралы баяндамалардың нысандарын, ақаулар журналын және басқаларын толтыру және ұсыну |
| 5. | Адами факторы және экипаж жұмысын оңтайландыру (CRM) | "Кабиналық экипажының аға мүшесін даярлау курсы". |
| | | 1) Пайдаланушы пайдаланатын деректерді жинау бағдарламасына |

| | | |
|---|---|---|
| 6. | Деректерді жинау жүйелері және ақпаратты ұсынуға қойылатын талаптар | қатысу (қауіпті факторлар, инциденттер, авиациялық оқиғалар, сондай-ақ оқиғалар туралы ерікті және міндетті хабарламалар);<br>2) пайдаланылатын құжаттаманы қоса алғанда, кабиналық экипаждың аға мүшесінің ерекше міндеттері;<br>3) оқыс оқиғалар/ авиациялық оқиғалардың тиісті мысалдарын қарау. |
| 7. | Шаршау қаупін бақылау | 1) Ұшу және жұмыс уақытының шектеулерін қолдану;<br>2) пайдаланушының шаршауға байланысты тәуекелдерді басқару жөніндегі бағдарламасын қарау ( егер қолданылса);<br>3) демалуға қойылатын талаптар ( мысалы, ұшуда және жерде демалу);<br>4) шаршаудың физиологиялық аспектілері және шаршаудың алдын алу (мысалы, шаршау туралы жалпы түсінік, ұйқының негізгі ерекшеліктері, күнделікті биоритмдердің бұзылуының әсері, шаршаудың себептері және шаршаудың жұмыс тиімділігіне әсері, тамақтану мен жаттығуды қоса алғанда, өмір салтының әсері, ұйқының бұзылуы, ұзақ рейстердің әсері, қысқа рейстердің тығыз кестелері, бірнеше уақыт белдеулерін кесіп өту, экипаждың міндеттері және т. б.);<br>5) көзделген кезде экипаж мүшелеріне ұшу кезінде демалыс беруге қатысты Пайдаланушының рәсімдері және кабиналық экипаж мүшелерінің өз міндеттерін орындамас бұрын жақсы демалу қажеттілігін түсінуінің маңыздылығы;<br>6) кабиналық экипаждың бір мүшесі ұшу алдында немесе ұшу барысында шаршауға шағымданған жағдайда кабиналық экипаж мүшелерінің міндеттерін қайта бөлудің маңыздылығы;<br>7) шаршау туралы хабарламалар. |
| | | 1) көшбасшылық функциясы; |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | Көшбасшылық | 2) тиімді және тиімсіз көшбасшылық;<br>3) Әртүрлі жағдайларда көшбасшылықтың әртүрлі стильдерін анықтау және тиісті қолдану;<br>4) өзіне деген сенімділік;<br>5) жұмыс орнында жеке мінез-құлықтың әртүрлі түрлерін анықтау;<br>6) экипаждың басқа мүшелері тарапынан ынтымақтастықты, уәждемені және ашықтықты көтермелеудің ықтимал әдістерін қоса алғанда, команданы қалыптастыру және оқыту;<br>7) әртүрлі дәстүрлі нанымдарға, құндылықтарға және әдет-ғұрыптарға сезімталдықты қоса алғанда, қолдау, көтермелеу және құрмет;<br>8) міндеттерді тиісінше беру;<br>9) жауап ақпаратын беру;<br>10) жанжалдарды реттеу, мәселелерді шешу және медиация;<br>11) уақытты, адамдар мен ресурстарды тиімді бөлу;<br>12) стрессті басқару. |
| Кабиналық экипаждың аға мүшесінің кәсіби деңгейін (жыл сайын) ұстаудың міндетті пәндерінің тізбесі | | |
| 1. | Ақпарат алмасу, экипажбен және басқа қызметкерлермен үйлестіру және өзара әрекеттесу; | 1) Кабиналық экипаждың аға мүшесінің рөлі мен міндеттері туралы жалпы түсінік және әуе кемесінің бортындағы бағыныстылық\бағыныстылық тәртібі;<br>2) экипажбен үйлестірудің, өзара әрекеттесудің және ақпарат алмасудың маңыздылығы;<br>3) Көпмәдениетті және көпұлтты экипаждардың ерекшеліктерін түсіну;<br>4) кабиналық экипаж мүшесі мен ұшу экипажы мүшесінің жұмыс қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда экипаж мүшелерінің функциялары мен міндеттерін өзгерту. |
| 2. | Адами факторы және экипаж жұмысын оңтайландыру (CRM); | "Кабиналық экипажының аға мүшесін даярлау курсы". |
| | | 1) пайдаланушы пайдаланатын деректерді жинау бағдарламасына қатысу (қауіпті факторлар, оқыс оқиғалар, авиациялық оқиғалар, |

| | | |
|---|---|---|
| 3. | Деректерді жинау жүйелері және ақпаратты ұсынуға қойылатын талаптар; | сондай-ақ оқиғалар туралы ерікті және міндетті хабарламалар);<br>2) пайдаланылатын құжаттаманы қоса алғанда, кабиналық экипаждың аға мүшесінің ерекше міндеттері;<br>3) оқыс оқиғалардың/ авиациялық оқиғалардың тиісті мысалдарын қарау. |
| 4. | Шаршау қаупін бақылау | 1) ұшу және жұмыс уақытының шектеулерін қолдану;<br>2) пайдаланушының шаршауға байланысты тәуекелдерді басқару жөніндегі бағдарламасын қарау ( егер қолданылса);<br>3) демалуға қойылатын талаптар ( мысалы, ұшуда және жерде демалу);<br>4) шаршаудың физиологиялық аспектілері және шаршаудың алдын алу (мысалы, шаршау туралы жалпы түсінік, ұйқының негізгі ерекшеліктері, күнделікті бұзылулардың әсері, биоритмдер, шаршау себептері және шаршаудың жұмыс тиімділігіне әсері, өмір салтының әсері, соның ішінде тамақтану және жаттығу, ұйқының бұзылуы, ұзақ рейстердің әсері, қысқа рейстердің тығыз кестелері, бірнеше уақыт белдеулерін кесіп өту, экипаждың міндеттері және т. б.);<br>5) көзделген кезде экипаж мүшелеріне ұшу кезінде демалыс беруге қатысты Пайдаланушының рәсімдері және кабиналық экипаж мүшелерінің өз міндеттерін орындамас бұрын жақсы демалу қажеттілігін түсінуінің маңыздылығы;<br>6) кабиналық экипаждың бір мүшесі ұшу алдында немесе ұшу барысында шаршауға шағымданған жағдайда кабиналық экипаж мүшелерінің міндеттерін қайта бөлудің маңыздылығы;<br>7) шаршау туралы хабарламалар. |
| | | 1) көшбасшылық функциясы;<br>2) тиімді және тиімсіз көшбасшылық;<br>3) Әртүрлі жағдайларда көшбасшылықтың әртүрлі |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | Көшбасшылық қасиеттер | стильдерін анықтау және тиісті қолдану;<br>4) өзіне деген сенімділік;<br>5) жұмыс орнында жеке мінез-құлықтың әртүрлі түрлерін анықтау;<br>6) экипаждың басқа мүшелері тарапынан ынтымақтастықты, уәждемені және ашықтықты көтермелеудің ықтимал әдістерін қоса алғанда, команданы қалыптастыру және оқыту;<br>7) әртүрлі дәстүрлі нанымдарға, құндылықтарға және әдет-ғұрыптарға сезімталдықты қоса алғанда, қолдау, көтермелеу және құрмет;<br>8) міндеттерді тиісінше беру;<br>9) жауап ақпаратын беру;<br>10) жанжалдарды реттеу, мәселелерді шешу және медиация;<br>11) уақытты, адамдар мен ресурстарды тиімді бөлу;<br>12) стрессті басқару. |
| 6. | Қауіпсіздік деңгейін талдау / арттыру | |
| 7. | Пайдаланушының рәсімдік бюллетеньдері және нормативтік құжаттаманы жаңарту. | |

Бұйрығына 8-қосымша
Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге қатысатын авиация
персоналын кәсіби даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
113-қосымша

## Ұшу экипаждары бойынша емтихан алушылардың кәсіби деңгейін қайта даярлау және ұстау

| № р/с | Атауы | Қысқаша мазмұны |
|---|---|---|
| | | 1. Оқытудың тиімділігі. Кәсіби дайындық бағдарламаларын бағалау стандарттары: пайдалылық, орындылық, дұрыстық, дәлдік.<br>2. Тесттерді қолдану. Біліктілік бағалаудың құрамдас бөліктері.<br>3. Емтихан алушымен кәсіби қарым-қатынас аспектілері. Адамның мүмкіндіктері мен шектеулері, соның ішінде қауіп пен қателік факторлары. Адамның мінез-құлық түрлері, болжамдылағы, қорғаныс тетіктері |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Білімді, дағдыларды және дағдыларды бағалаудың жалпы принциптері | , өмірлік ұстанымы, қарым-қатынасы, есте сақтау, қабылдау, түсіну, байланыс орнату. Жергілікті және аумақтық ерекшеліктері.<br>4. Психологиялық көңіл-күйді құру және проблемалық емтихан алушылармен қарым-қатынас орнату әдістері.<br>5. Бағалау процесінде пайдаланылатын ақпараттың дәлдігі мен дұрыстығы, бағалауды орындау құзыреттілігі, бағалау процесінің адалдығы мен ашықтығы, ақпаратқа қол жеткізудегі теңдік, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, қоғамдық мүдделермен және қоғамдық әл-ауқат тұрғысынан айқындалатын міндеттемелер.<br>6. Тестілеу (емтихан) мақсаттары. Аралық және қорытынды тестілеу. Сұрақтардың таралуы: логикалық құрылымы, күрделілігі және блоктары бойынша.<br>7. Әкімшілендіру әдістемесі, ақпараттың толықтығын қамтамасыз ету, нәтижелер мен есептерді ұйымдастыру және сақтау.<br>8. Тесттер мен емтихандардың мазмұнына қойылатын талаптар. Пайдалылық, өткізудің күрделілік дәрежесі, Әділеттілік, мәселелерді бөлу. Құзыреттілекті бағалау кезінде өлшеу дәлдігі.<br>9. Тест түрлері: сипаттамасы, артықшылықтары мен кемшіліктері. Тәжірибелік сынақтарды қолдану саласы.<br>10. Сұрақтардың түрлері: "дұрыс – бұрыс", дұрыс жауапты таңдау, салыстырмалы, дұрыс жауапты аяқтау, тану және т. б.<br>11. Тест әзірлеудің бағдарламалық құралдары. Тест әзірлеу үшін бастапқы деректер.<br>12. Емтихан, тестілеу және нәтижелерді бағалау кезіндегі тән қателіктер. |
| | | 1. Емтихан алушыға қойылатын жалпы талаптар. Қажетті шарттар. |

| | | |
|---|---|---|
| 2. | Емтихан алушыға қойылатын талаптар | Емтихан алушының өкілеттіктері. Емтихан алушының құқығын қайта аттестаттау немесе ұзарту рәсімі;<br>2. Емтихан алушыларға арналған шектеу ережелері заңды мүдделер. Сессиялар саны. Тексеру түрлері. Уақыт шектеулері;<br>3. Ұлттық талаптар. Бағалаудың заңдылығы. Куәлікке енгізу. Хабарландыру рәсімі. Дағдыларды тексеруге арналған тест форматы;<br>4. Дербес деректерді қорғау бойынша талаптар, міндеттемелер, жазатайым оқиғалардан сақтандыру. Жарналар ИКАО-ға мүше мемлекеттерде әдеттегідей;<br>5. Тестілеуге арналған HPL; тестілеуге арналған тақырып моделі. Дағдыларды тестілеу рәсімі. Нұсқама. Сессияны өткізу. Талдау. Тестілеу критерийлері;<br>6. Бағалаудың негізгі ережелері. Орындалу бағасы: PASS, PARTIAL PASS, FAIL Кері байланыс. LPC / OPC семинар сценарийлері. |
| 3. | Тест тапсырмаларын әзірлеу, қайта қарау, бағалау, сынақтан өткізу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету | 1. Ұшу экипажы мүшелерінің куәліктерін беру мақсатында теориялық білім деңгейін анықтау үшін тест тапсырмаларын әзірлеу және жасау;<br>2. Оларды өзектендіру мақсатында тест тапсырмаларын қайта қарау;<br>3. Жарамдылыққа тест тапсырмаларын бағалау;<br>4. Тест тапсырмаларын апробациялау;<br>5. Тест тапсырмаларының сақталуын және сақталуын қамтамасыз ету. |
| 4. | Операциялық рәсімдер | 1. Анықтамалар. Халықаралық стандарттар. Ұшуды пайдалану ережелері. B RNAV, PRNAV. RVSMACAS. GPWS және CFIT;<br>2. Навигациялық рәсімдер: күту аймағы, Ипподром, SID, STAR, векторлық, ILS, дәл емес кіру;<br>3. Биіктік өлшегішті орнату ережелері;<br>4. Апаттық процедуралар. Төтенше жағдайдың төмендеуі. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Өрт. Басқарудың жоғалуы. PAN PAN/MAYDAY хабарламасы;<br>5. ӘК ұшу-техникалық сипаттамаларын қайталау. |
| 5. | Емтихан процесін стандарттау. | 1. Ұшу экипажы мүшелерінің білімі мен дағдыларын бағалау жүйесі;<br>2. Тест өткізу кезінде емтихан алушылардың тән қателіктерін талқылау;<br>3. Ұшу экипажы мүшелерінің білім деңгейі мен дағдыларын анықтауды стандарттау принциптері; |

Бұйрығына 9-қосымша
Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге қатысатын авиация
персоналын кәсіби даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
114-қосымша

## ӘК ТҚК бойынша емтихан алушы мен бағалаушының кәсіби деңгейін қайта даярлау және ұстау бағдарламалары

## Модульдік бағдарлама бойынша бастапқы даярлықтың теориялық білімін бағалау және ӘК типіне даярлау бойынша емтихан алушының кәсіби деңгейін қайта даярлау және ұстау бағдарламасы

| № р/с | Тақырыптың атауы | Қысқаша мазмұны |
|---|---|---|
| 1. | Кіріспе | Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін бақылау және бағалау рәсімдерімен байланысты негізгі ұғымдарды айқындау. |
| 2. | Қазақстан Республикасындағы авиациялық персоналды лицензиялау жүйесі | Авиациялық персоналдың түрлері. ӘК ТҚК бойынша авиациялық персонал куәлігін беру және оның қолданылу мерзімін ұзарту рәсімі; Біліктілік және арнаулы бағдарламалардың қолданылу мерзімін енгізу және ұзарту тәртібі авиация персоналының белгілері. |
| 3. | Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындауға құқығы бар жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары | Емтихан алушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары; ӘК ТҚК бойынша мамандардың біліктілік деңгейін бағалауға және айқындауға құқығы бар емтихан алушыларға қойылатын біліктілік талаптары; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Біліктілік деңгейін айқындайтын жеке тұлғаларды тағайындау тәртібі авиациялық персонал. |
| 4. | Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау қағидалары | Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау қағидаларының құрылымы, негізгі ұғымдары мен анықтамалары;<br>Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау тәртібі;<br>Есеп беру нысандарының бланкілері мен және толтыру ережелерімен танысу. |
| 5. | ӘК техникалық қызмет көрсету бойынша персоналды кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламалары | ӘК техникалық қызмет көрсету бойынша персоналды кәсіби даярлаудың әртүрлі түрлерімен танысу;<br>Авиациялық және сервистік персоналдың әртүрлі санаттарына қатысты бағдарламалардың қолданылуы. |
| 6. | Тест тапсырмаларын әзірлеу, қайта қарау, бағалау, сынақтан өткізу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету | Ұшу экипажы мүшелерінің куәліктерін беру мақсатында теориялық білім деңгейін анықтау үшін тест тапсырмаларын әзірлеу және жасау;<br>Оларды өзектендіру мақсатында тест тапсырмаларын қайта қарау;<br>Жарамдылыққа тест тапсырмаларын бағалау;<br>Тест тапсырмаларын апробациялау;<br>Тест тапсырмаларының сақталуын және сақталуын қамтамасыз ету. |
| 7. | ӘК техникалық қызмет көрсету бойынша персоналдың бастапқы даярлығын бағалау / ӘК типіне оқытуды бағалау | Бастапқы дайындықтың модульдік принципі;<br>Бастапқы дайындықтың білім деңгейлері;<br>Бастапқы дайындық емтихандарының стандарты;<br>Эссені бағалау критерийлері;<br>Негізгі дағдыларды бағалау критерийлері. |
| 8. | Емтихандарды ұйымдастыру және өткізу | Емтихан материалдарын дайындау бойынша талаптар;<br>Емтихан үй-жайына қойылатын талаптар;<br>Емтихан өткізу тәртібі;<br>Студенттердің жауаптарын бағалау және талдау ережелері. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 9. | Апелляцияларды беру және қарау тәртібі | Апелляция беру тәртібі; Апелляцияны қарау тәртібі. |
| 10. | Мүдделер қақтығысының алдын алу | Мүдделер қақтығысы; Мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған шаралар . |
| 11. | ӘК ТҚК емтихан алушының қызметін бақылау және тексеру | ӘК ТҚК емтихан алушының қызметін бақылау және тексеру; ӘК ТҚК бойынша емтихан алушының қызметін бақылау және тексеру тәртібі. ӘК ТҚК бойынша емтихан алушының қызметіне қойылатын талаптар. |
| 12. | Практикалық дайындық | Ситуациялық жаттығулар, Имитациялық емтихан және т. б. |

## ӘК типіне және практикалық тағылымдамаға (OJT)дайындық бойынша практикалық дағдыларды тексеру бойынша бағалаушының кәсіби деңгейін қайта даярлау және ұстау бағдарламасы

| № р/с | Тақырыптардың атауы | Қысқаша мазмұны |
|---|---|---|
| 1. | Кіріспе | Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін бақылау және бағалау рәсімдерімен байланысты негізгі ұғымдар. |
| 2. | Қазақстан Республикасындағы авиациялық персоналды лицензиялау жүйесі | Авиациялық персоналдың түрлері; ӘК ТҚК бойынша авиациялық персонал куәлігін беру және оның қолданылу мерзімін ұзарту рәсімі; Авиация персоналының біліктілік және арнайы белгілерінің қолданылу мерзімін енгізу және ұзарту тәртібі. |
| 3. | Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындауға құқығы бар жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары | Бағалаушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары; ӘК ТҚК бойынша мамандардың біліктілік деңгейін бағалауға және айқындауға құқығы бар бағалаушыларға қойылатын біліктілік талаптары; Біліктілік деңгейін айқындайтын жеке тұлғаларды тағайындау тәртібі авиациялық персонал. |
| 4. | Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау қағидалары | Ережелердің құрылымы, негізгі түсініктері мен анықтамалары; Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау тәртібі; Есеп беру нысандарының бланкілері мен толтыру ережелері. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | ӘК техникалық қызмет көрсету бойынша персоналды кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламалары | ӘК техникалық қызмет көрсету бойынша персоналды кәсіби даярлаудың әртүрлі түрлерімен танысу;<br>Түсіндіру авиациялық және сервистік персоналдың әртүрлі санаттарына қатысты бағдарламалардың қолданылуы. |
| 6. | ӘК/ практикалық Тағылымдама (OJT)типіне оқытудың практикалық элементін оқытуды ұйымдастыру және өткізу | Практикалық элемент/ практикалық тағылымдама бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұны;<br>ӘК/ практикалық тағылымдама (OJT)типіне оқытудың практикалық элементі бағдарламасы үшін тапсырмаларды таңдау және бақылау тәртібі;<br>Практикалық элемент/ практикалық тағылымдама (OJT) бағдарламасын орындау тәртібі;<br>Есеп беру нысандарының бланкілері мен толтыру ережелері. |
| 7. | ӘК/ практикалық тағылымдама (OJT) типіне оқытудың практикалық элементі бағдарламасын меңгеруді бағалау | Практикалық элементті бағалау критерийлері/практикалық тағылымдама (OJT);<br>Практикалық элементті/ практикалық тағылымдаманы (OJT) бағалау үшін тапсырмаларды таңдау және бақылау тәртібі;<br>Практикалық элементті/ практикалық тағылымдаманы (OJT) бағалау тәртібі;<br>Студенттердің жауаптарын бағалау және талдау ережелері;<br>Есеп беру нысандарын толтыру ережесінің бланкілері. |
| 8. | "А" санатындағы куәліктердің иегерлеріне белгіленген міндеттерді практикалық орындауға оқытуды ұйымдастыру | А санатындағы куәлік иегерлерінің орындауына айқындалған міндеттерді практикалық орындауға оқыту бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұны;<br>А санатындағы куәлік иегерлерінің орындауына айқындалған міндеттерді іс жүзінде орындауды оқыту тәртібі;<br>Есеп беру нысандарының бланкілері мен толтыру ережелері. |
| | | А санатындағы куәлік иегерлерінің орындауына айқындалған міндеттерді |

| | | |
|---|---|---|
| 9. | "А" санатындағы куәлік иегерлерінің орындауына айқындалған міндеттерді практикалық орындау бағдарламасының игерілуін бағалау | практикалық орындауға оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері ;<br>А санатындағы куәлік иегерлерінің орындауына айқындалған міндеттерді практикалық орындауға оқыту Нәтижелерін бағалауды жүргізу тәртібі;<br>Есеп беру нысандарының бланкілері мен толтыру ережелері. |
| 10. | Апелляцияларды беру және қарау тәртібі | Апелляция беру тәртібі;<br>Апелляцияны қарау тәртібі. |
| 11. | Мүдделер қақтығысының алдын алу | Мүдделер қақтығысы;<br>Мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған шаралар ; |
| 12. | ӘК ТҚК бойынша бағалаушының қызметін бақылау және тексеру | ӘК ТҚК бойынша бағалаушының қызметін бақылау және тексеру;<br>ӘК ТҚК бойынша бағалаушының қызметін бақылау және тексеру тәртібі;<br>ӘК ТҚК бойынша бағалаушының қызметіне қойылатын талаптар. |
| 13. | Практикалық дайындық | Ситуациялық жаттығулар, имитациялық емтихан және т. б. |

Бұйрығына 10-қосымша
Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге қатысатын авиация
персоналын кәсіби даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
115-қосымша

## Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын даярлау түрлері бойынша кәсіби деңгейді ұстау курстарын өткізу мерзімдері (LAPL, ULAPL)

| Атауы | Мазмұны | Жиілігі | Даярлау кезеңдері | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Теориялық | Жаттығу | Тәжірибелік |
| Авариялық-құтқару дайындығы | Әуе кемесінің авариялық-құтқару жабдықтары бойынша даярлау және авариялық эвакуациялау рәсіміне жаттығу | 3 жылда 1 рет | +/сынақ | | + |
| Қауіпті жүкті тасымалдау | Қауіпті жүкті тасымалдау бойынша даярлау | 3 жылда 1 рет | +/емтихан | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұшуды орындаудың қалыпты рәсімдерін орындау және авариялық жағдайларда әрекет ету | Емтихан тапсыруды қоса алғанда, ұшуды орындаудың қалыпты рәсімдерін орындауға және авариялық жағдайлардағы іс-қимылдарға және тексеруді қоса алғанда, ұшу жаттықтыру құрылғысында жаттығуға дайындық. | 6 айда 1 рет | +/сынақ | +/тексеру | |
| Қалыпты рәсімдердің орындалуын тексеру | Әуе кемесінде қалыпты рәсімдердің орындалуын тексеру | Жылына 1 рет | | | +/тексеру |
| Ерекше жағдайларда ұшуларды орындау | Емтихан тапсыруды қосқанда, ерекше жағдайларда ұшуларға дайындау | 3 жылда 1 рет | +/емтихан | | |
| Күрделендірілген ұшу жағдайларында және күрделі жағдайындағы әрекеттер | Тексеруді қоса алғанда, апаттық жағдайға жатпайтын барлық жүйелердің істен шығуы бойынша ұшу тренажерында жаттығу. | 3 жылда 1 рет | | +/тексеру | |
| Күрделі кеңістік күйінен әуе кемесін шығару бойынша дайындау | Әуе кемесін күрделі кеңістіктік жағдайдан, үзіліс алдындағы режимдерден, құлау режимінен шығару бойынша теориялық дайындық және жаттығу. | 3 жылда 1 рет | + | + | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| CRM әуе кемесі экипажының кабинасы ресурстарын басқару бойынша дайындау | Әуе кемесі экипажының кабинасының ресурстарын басқару бойынша жаттығу және теориялық дайындық | 3 жылда 1 рет | +/емтихан | | |
| Әуе кемесі экипажының кабиналарының ресурстарын басқаруды бағалау | Әуе кемесінде және жаттықтыруда әуе кемесі экипажының кабиналарының ресурстарын басқаруды бағалау | 3 жылда 1 рет | + | | |
| Әуе кемесі және оның жүйелері | Емтиханды тапсыруды қоса алғанда, әуе кемесінің жүйелерінің білімі бойынша дайындық және ұшу сипаттамаларына байланысты оны анықтау | 3 жылда 1 рет | +/емтихан | | |

Бұйрығына 11-қосымша
Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасына
116-қосымша

## Кабиналық экипаж нұсқаушыларын (бортсерік-нұсқаушы) бастапқы даярлау және кәсіби деңгейде ұстау бағдарламасына кіретін міндетті пәндердің тізбесі

| № р/с | Атауы | Сипаттама | Мазмұны | Бастапқы даярлау курсының көлемі | Кәсіби деңгейді ұстап тұру бойынша курстың көлемі |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Пайдаланушының SOP түсінігі-пайдаланушының стандартты жұмыс процедуралары және стандартты процедуралары ( Standard | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Теориялық білім | Бұл бөлім пайдаланушының рәсімдерін, біліктілік тәсіліне негізделген дайындық бағдарламасын қамтамасыз етуі керек іргелі білімді ұсынады | Operating Procedures);<br>ҰҚБЖ түсінігі;<br>Әуе кемелерінің нақты типтерін білу (қажет болған жағдайда);<br>Біліктілік даярлау және бағалау шеңберінде сценарийлерді әзірлеу;<br>Тренинг, тәлімгерлік және тағылымдамадан өтушіге кеңес беру;<br>Оқыту және ұшу өндірісі тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білу; | 2 | 1 | |
| 2 | Нұсқаушының қолдау көрсетуі мен стилі және дағдылары | Бұл бөлім бүкіл оқу курсы ішінде аудиторияның қызығушылығын қамтамасыз ету және тағылымдамадан өтушінің біліктілігін оңтайландыру құралдары мен әдістерін ұсынады, олар бүкіл оқу курсы ішінде аудиторияның қызығушылығын қамтамасыз ету және тағылымдамадан өтушінің | Топтық сабақтарды ұйымдастыру дағдылары;<br>Вербалды емес белгілерді түсіну (мысалы, ым);<br>Сөйлеу дағдылары-дауыс ырғағы мен биіктігі, айқындық және сөйлеу жылдамдығы, тіл;<br>Жеке және топтық прогрессті бақылау үшін қолданылатын бақылау дағдылары;<br>Объективті кері байланыс; | 12 | 2 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | біліктілігін оңтайландыру құралдары мен әдістерін ұсынады | Біліктілік дағдыларды дамытуға жәрдемдесу мақсатында тәлімгерлік; Әр түрлі оқу стильдерінде тағылымдамадан өтушілерді қолдау; | | |
| 3 | Әкімшілік міндеттер және оқу курстарын құжаттау және ұйымдастыру | Бұл бөлім оқу курсының құжаттамасын ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты міндеттерді, сондай-ақ нұсқаушының әкімшілік міндеттерін білдіреді | Оқу жоспарлары мен кестелерінің түсінігі; Уақытты бөлу; Қосымша сабақтар; Сабақтардың жоспарлы реттілігін бұзуы мүмкін жағдайларды реттеу; Бағаларды тіркеу; Қажетті әкімшілік функциялар; Тиісті нысандар мен құралдарды пайдалана отырып есептерді дайындау. | 1 | 1 |
| 4 | Оқу құралдарын , құрылғылар мен жабдықтарды пайдалану | Бұл бөлім оқытушының оқыту және бағалау процесінде барлық оқу құралдарын, құрылғылары мен жабдықтарын пайдалануын, сондай-ақ қауіпсіз оқу жағдайларын қамтамасыз ету мәселелерін білдіреді | Демонстрациялық жабдық пен оқу құралдарын пайдалану; Денсаулық және еңбек қауіпсіздігі нұсқауларына сәйкес демонстрациялық жабдық пен қауіпсіздік құрылғыларын пайдалану; Қауіпсіз және тиісті жағдайларда оқыту және бағалау жүргізу; | 1 | 1 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Бағалар | Бұл бөлім тыңдаушының біліктілік дағдыларын және қорытынды жалпыланған ақпаратқа негізделген бағалау нәтижелерін түсінуді білдіреді | Бағалау шкалаларын қолдану;<br>Бағалау процесін түсіну;<br>Тағылымдамадан өтушінің біліктілік дағдыларын бағалау;<br>Барабар жіктеуді құру;<br>Тағылымдамадан өтушілердің жауап деректерін қоса алғанда күшті және әлсіз жақтары туралы хабарлау;<br>Объективті және субъективті айырмашылықтар;<br>Нұсқаушыларды стандарттау және жіктеу. | 2 | 1 |
| | | | | 18 | 6 |

Бұйрығына 12-қосымша
Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіби даярлаудың үлгілік бағдарламасына
117-қосымша

## Қауіпті жүктер саласындағы авиациялық персоналды даярлау және кәсіби деңгейін ұстау бағдарламалары

| Даярлық функциясының атауы | Модульдің атауы | Теория және практика |
|---|---|---|
| Қауіпті жүктерді жөнелтуге дайындау | Қауіпті жүктер туралы негізгі ережелерді түсіну | Кем дегенде 5 сағат |
| | Қауіпті жүктердің жіктелуі | Кем дегенде 7 сағат |
| | Қауіпті жүктерді жөнелтуге дайындау | Кем дегенде 18 сағат |
| | Барлығы | Кем дегенде 30 сағат |
| Жүктерді өңдеу және қабылдау | Қауіпті жүктер туралы негізгі ережелерді түсіну | Кем дегенде 4 сағат |
| | Жүкті өңдеу және қабылдау | Кем дегенде 3 сағат |
| | Қауіпсіздікке қатысты деректерді жинау | Кем дегенде 1 сағат |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Барлығы | Кем дегенде 8 сағат |
| Қауіпті жүктерді жөнелтуді өңдеу және қабылдау | Қауіпті жүктер туралы негізгі ережелерді түсіну | Кем дегенде 5 сағат |
| | Жүкті өңдеу және қабылдау | Кем дегенде 24 сағат |
| | Қауіпсіздікке қатысты деректерді жинау | Кем дегенде 1 сағат |
| | Барлығы | Кем дегенде 30 сағат |
| Жүктерді қоймаларда өңдеу, қаптау құралдарын тиеу және түсіру, әуе кемесінің жүк бөлімдерін тиеу және түсіру | Қауіпті жүктер туралы негізгі ережелерді түсіну | Кем дегенде 3 сағат |
| | Жүктерді тиеуге дейін өңдеу | Кем дегенде 1 сағат |
| | Жүк пен багажды тасымалдау | Кем дегенде 1 сағат |
| | Қауіпсіздікке қатысты деректерді жинау | Кем дегенде 1 сағат |
| | Барлығы | Кем дегенде 6 сағат |
| Жолаушылар мен экипаж мүшелерінің багажын қабылдау, әуе кемесіне отырғызу аймақтарында қызмет көрсетуге және әуежайда жолаушылармен тікелей байланысқа түсетін функцияларды атқару | Қауіпті жүктер туралы негізгі ережелерді түсіну | Кем дегенде 3 сағат |
| | Жолаушылар мен экипаж мүшелерінің багажын қабылдау | Кем дегенде 2 сағат |
| | Қауіпсіздікке қатысты деректерді жинау | Кем дегенде 1 сағат |
| | Барлығы | Кем дегенде 6 сағат |
| Әуе кемесінің жүктеуін жоспарлау | Қауіпті жүктер туралы негізгі ережелерді түсіну | Кем дегенде 2 сағат |
| | Жүктерді тиеуге дейін өңдеу | Кем дегенде 2 сағат |
| | Жүк пен багажды тасымалдау | Кем дегенде 2 сағат |
| | Қауіпсіздікке қатысты деректерді жинау | Кем дегенде 1 сағат |
| | Барлығы | Кем дегенде 7 сағат |
| Ұшу экипажының мүшелері | Қауіпті жүктер туралы негізгі ережелерді түсіну | Кем дегенде 3.5 сағат |
| | Жүк пен багажды тасымалдау | Кем дегенде 2 сағат |
| | Қауіпсіздікке қатысты деректерді жинау | Кем дегенде 0.5 сағат |
| | Барлығы | Кем дегенде 6 сағат |
| Ұшуды қамтамасыз ету және ұшу диспетчерлері | Қауіпті жүктер туралы негізгі ережелерді түсіну | Кем дегенде 4 сағат |
| | Жүк пен багажды тасымалдау | Кем дегенде 3 сағат |
| | Барлығы | Кем дегенде 7 сағат |
| Кабиналық экипаж | Қауіпті жүктер туралы негізгі ережелерді түсіну | Кем дегенде 2 сағат |
| | Жолаушылар мен экипаж мүшелерінің багажын қабылдау | Кем дегенде 2 сағат |
| | Жүк пен багажды тасымалдау | Кем дегенде 2 сағат |
| | Қауіпсіздікке қатысты деректерді жинау | Кем дегенде 1 сағат |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Барлығы | Кем дегенде 7 сағат |
| Жолаушылар мен экипаж мүшелерін, сондай-ақ олардың багажын, жүктерін және поштасын тексеру | Қауіпті жүктер туралы негізгі ережелерді түсіну | Кем дегенде 2.5 сағат |
| | Жүкті өңдеу және қабылдау | Кем дегенде 2 сағат |
| | Жолаушылар мен экипаж мүшелерінің багажын қабылдау | Кем дегенде 1 сағат |
| | Қауіпсіздікке қатысты деректерді жинау | Кем дегенде 1.5 сағат |
| | Барлығы | Кем дегенде 7 сағат |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК